

#Жолдау2022

Саяси реформалар
«Күшті Президент –
ықпалды Парламент –
есеп беретін Үкімет»
формуласымен жүзеге
асырылып жатыр. Бұл
тұжырым –
қоғамымыздың мызғымас
тұғыры.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

МӘСЕЛЕ



АЛМАТЫ – ГҮЛ
ҚАЛАҒА АЙНАЛУЫ
КЕРЕК

7

БАЛАЛАР ЖЫЛЫ



ЖАҢА
МЕКТЕП

12

НӨМІРДІҢ НАҚЫЛЫ

Ел бірлігі –
ең басты
ҚҰНДЫЛЫҚ.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

3.09.2022

Түнде:



+18+20 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+32+34 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

4.09.2022

Түнде:



+18+20 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+32+34 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №101 (6236) 3 қыркүйек, сенбі, 2022 жыл.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ҰЛТ МҮДДЕСІ ҮШІН ҰЙЫСУ

Бәріміз бірлігімізді бекемдей білсек,
ешқашан әділдіктен аттамасақ, берекелі ел боламыз

ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ

Біздің алдымызда айрықша
міндет тұр.

Бұл – еліміздің егемендігін және
жеріміздің тұтастығын сақтап
қалу.

Елдігімізді қорғаудың ең басты
жолы – берекелі бірлік.

(Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың
Қазақстан халқына Жолдауынан. 1 қыркүйек, 2022 жыл)



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 1 қыркүйек күні Парламент Палаталарының бірлескен отырысында жариялаған «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы көкірегі ояу кез келген азаматты бей-жай қалдырмағаны анық.

Президентіміз айқындап берген еліміздің алдағы кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі басымдықтары мен реформалардың нақты бағдарлары көңілге сенім ұялатты. Баршамызды ұлт мүддесі үшін ұйысуға шақырды Президент. Ортақ іске жұмыла алмасақ – бізге сын. «Бәріміз бірлігімізді бекемдей білсек, ешқашан әділдіктен аттамасақ, берекелі ел боламыз. Әділетті Қазақстанды құру ісі енді ғана басталды. Алдағы

жолдың қиындығы көп. Бұл бағдарымыз ешқашан өзгермейді, ішкі және сыртқы ахуал қандай болса да жалғаса береді. Қол қусырып отыратындар мен қасақана кедергі жасайтындарға орын жоқ. Біз тандаған жолымыздан айнымаймыз! Ендеше, Әділетті Қазақстанды бірге құрайық! Қасиетті Отанымызды бірге өркендетейік», – деді Мемлекет басшысы.

Жалпы, газетіміздің бүгінгі санында толық мәтіні жарияланып отырған Президенттің бұл Жолдауында қоғамды қамшылар, ойды серпілтер, сананы сергітер, ұлтты ұйқыдан оятар нақты бағдарлы тың бастамалар көп-ақ. Олардың бәрі еліміздің, Жаңа, Әділетті Қазақстанның болашағын айқындап тұр. БІРГЕМІЗ!

2-5

АЙТЫЛДЫ – ЖАСАЛДЫ

ТҰРҒЫНДАР ӨТІНІШІ ОРЫНДАЛДЫ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың мегаполис тұрғындарымен кездесуі қордаланған біраз мәселені шешіп жатыр. Әр ауданға арнайы барып халықтың мұң-мұқтажын мұқият тыңдайтын шаһар басшысы тұрғындардың өтініштеріне қарай құзырлы мекеме басшыларына тапсырма беруде. Ал кезек күттірмей шешілуі тиіс мәселелердің орындалуы қала әкімінің қадағалауы мен қоғамдық кеңес өкілдері, мәслихат депутаттарының бақылауында болатыны айтпаса да түсінікті.



10

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ

ҚЫСҚА...

- Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ Конгресінің делегациясын қабылдады.
- Мемлекет басшысы облыстардың және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдерімен кеңес өткізді.
- Қазақстан мен Ресей Президенттері екі мемлекет арасындағы стратегиялық әріптестік пен одақтастық қатынастарды одан әрі дамыту жөнінде пікір алмасты.
- Мемлекет басшысының Жарлығымен Дархан Қуандықұлы Қыдырәлі Ақпарат және қоғамдық даму министрі лауазымына тағайындалды.
- Қазақстан Президенті бірқатар мемлекеттің елшілерінен сенім грамоталарын қабылдады.
- Алматы әкімдігінің грант иегерлері ретінде 120 адам резидентурада оқитын болды.



ЖОЛДАУ-2022

**Құрметті отандастар!
Қадірлі депутаттар және
Үкімет мүшелері!**

Баршаңызды Парламенттің кезекті сессиясының ашылуымен құттықтаймын!

Биыл біз жаңа кезеңге қадам бастық. Халқымыз жалпыұлттық референдумда саяси жаңғыру бағдарын қолдады. Конституциялық реформа Жаңа, Әділетті Қазақстанды құру жолындағы аса маңызды қадам болды. Еліміздегі саяси жаңғыру енді экономикалық өзгерістерге ұласуға тиіс.

Біз «Азамат – бизнес – мемлекет» арасындағы қатынасты түбегейлі өзгертеміз. Мемлекет, ең алдымен, бәріне бірдей мүмкіндік беріп, әділдік орнатады. Қоғам игілігіне арналған қызмет деңгейі жоғары болуына кепілдік береді. Әлеуметтік жағынан әлсіз топтағы азаматтарға қолдау көрсетеміз. Мүмкіндігі шектеулі жандарға да көмектесеміз. Президент жанындағы Омбудсмен тағайындалады.

Мемлекет экономикалық еркіндікті қолдайды. Бірақ халықты нарық тұрақсыздығының ықпалынан барынша қорғайды. Шағын және орта бизнесті мейлінше дамытады.

Енді реформалардың нақты бағдарларына тоқталайын.

БІРІНШІ БАҒДАР. ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ

Біз экономикамызда қордаланған мәселелерді жақсы білеміз. Мысалы, шикізатқа әлі де тәуелдіміз. Еңбек өнімділігі төмен, инновация жеткіліксіз. Ұлттық табыстың игілігін жұрттың бәрі бірдей көріп отырған жоқ.

Әрине, мұның барлығы – күрделі мәселелер. Бірақ, оны шешудің нақты жолдары бар.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы



ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ.

Атап айтсақ, бұл – макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, экономиканы әртараптандыру және цифрландыру. Сондай-ақ, шағын және орта бизнес пен адам капиталын дамыту, заң үстемдігін орнықтыру. Сондықтан тың тәсілдер қажет екені сөзсіз.

Экономикалық саясатымыздың негізгі мақсаты еш өзгермейді. Оның мәні – сапалық және инклюзивтік тұрғыдан халықтың әлауқатын арттыру.

Жаңа экономикалық бағдарымыздың басты басымдықтары мыналар:

- жеке кәсіпкерлік бастамаларды ынталандыру, яғни мемлекеттік капитализмнен және мемлекеттің экономикаға шектен тыс араласуынан бас тарту;
- бәсекелестікті дамыту, яғни бәріне бірдей мүмкіндік беру;
- сондай-ақ, ұлттық табысты әділ бөлу.

Мұның бәрі кезек күттірмейтін бірқатар маңызды міндетті шешуді талап етеді.

Бірінші. Бағаны әкімшілік жолмен реттеу тұтас салалардың инвестициялық тартымдылығын төмендетеді. Сондай-ақ, тауар тапшылығын туындатып, елді импортқа тәуелді етеді.

Сондықтан баға белгілеу ісіне мемлекеттің араласуынан біртіндеп бас тарту керек. Бәсекелік ортасы жоқ нарықтар ғана бұрынғыдай қала береді. Монополистердің тарифтері қатаң бақылауда болады. Бірақ бақылау жасау орынсыз қысым көрсету деген сөз емес.

Бүгінде мемлекеттік органдардың, соның ішінде күштік құрылымдардың бизнесті тексеруге жаппай кірісіп, бағалар мен тарифтерді төмендетуді талап етуі жиілеп кетті. Құрдақырт үшін жасалатын мұндай әрекеттерді доғару керек.

Монополияның табысын шектеу қажеттігі мен инфрақұрылымға инвестиция салуды қамтамасыз ету арасында тепе-теңдікті сақтау маңызды. Елімізде электр қуатымен қамтамасыз ететін желілердің үштен екісінің, жылу коммуникациясының 57 пайызының және су құбыры желісінің жарысына жуығының тозығы жеткен. Осыдан-ақ біраз жайтты аңғаруға болады.

Тарифтерді күшпен ұстап тұрудың ақыры соның бәрін кезекпен өшіруге және түрлі апатты жағдайлар туындауына әкеп соқтырады. Осының салдарынан азаматтардың денсаулығына және өміріне қатер төнеді.

Монополиялы нарықтарда «Тарифті инвестицияға айырбастау» деген жаңа тариф саясатына көшу керек. Желілер мен қуат көздерінің тозу деңгейін кемінде 15 пайызға азайту қажет.

Тариф инфрақұрылымға қаржы салғаны және ашықтықты қамтамасыз етудің мемлекеттік мониторингі жүйесіне қатысқаны үшін беріледі. Меншік иесі инвестицияның айтарлықтай бөлігін тарифтің емес, өз қаржысының есебінен салуға тиіс.

Иновация енгізу үшін тиімді ынталандыру шараларын әзірлеген жөн. Сондай-ақ, шығыстың бір бөлігін тарифтік сметаның аясында қайта бөлуге және табыстың белгілі бір бөлігін сақтап қалуға рұқсат беру керек.

Тарифтерді тоғыспалы субсидиялаудан, яғни бір тұтынушылар үшін бағаны ұстап тұру мақсатымен басқалар үшін бағаны көтеру тәсілінен біртіндеп бас тарту қажет.

Екінші. Экономиканы одан ары монополиясыздандыру үшін нақты институционалдық шешімдер қабылдау қажет. «Конгломерат» ұғымын заң жүзінде айқындап алған жөн.

Нарықтың өзара байланысты субъектілері экономикалық әлеуетін бір жерге шоғырландыру үшін рұқсат алуға міндетті. Олардың барлық мәмілесін, соның ішінде нарыққа тән емес бағаларды қолдану белгілері бойынша жасалған келісімдерін де мұқият тексеру керек.

Бірыңғай операторлардың қызметі нарықтық экономиканы дамытуға кері әсер етеді. Сондықтан бұл институтты ретке келтірген жөн. Қазір жұмыс істеп тұрған операторларды бәсекелі ортаға беру қажет немесе монополист деп танып, қызметін монополияға қарсы арнаулы құқық аясында реттеу керек.

Үшінші. Экономиканың тұрақты өсуі салық саясатының түсінікті және болжауға болатындай етіп жүргізілуіне тікелей байланысты.

Фискалды реттеу ісін қайта жаңғырту үшін 2023 жылы жаңа Салық кодексі әзірленеді. Оның ең түйткілді тұсы саналатын салықтық әкімшілендіру мәселесі түгел қайта жазылуға тиіс.

Сондай-ақ, жұмыс барысында бетпе-бет кездесу мүлдем болмайтындай етіп, салықтық бақылау қызметін толық цифрландыру керек.

Тағы бір басымдық – салықтық ынталандыру шараларының тиімділігін арттыру. Ол үшін экономиканың түрлі саласында дифференциалды салық мөлшерлемесіне көшкен жөн.

Пайданың технологиялық жаңғыруға және ғылыми әзірлемелерге жұмсалған бөлігіне салынатын корпоративті табыс салығын төмендету немесе одан босату тәсілін енгізу керек.

Салық төлеушілерді салықтан жалтаруға құмарлығын азайту үшін арнайы салық резимдерін жеңілдету керек. Салық жүктемесін төмендету мақсатында ұйымдарды

әдейі бөлшектеуге жол бермеу мәселесі жаңа кодексте қарастырылуы қажет.

Сауда-саттық заман талабына сай дамуы үшін мөлшерлемесі ойға қонымды әрі рәсімдері қарапайым бөлшек сауда салығын қолдану аясын кеңейту керек.

Салық реформасы аясында «сән-салтанатқа салық» салуды енгізген жөн. Мұның орта тапқа қатысы жоқ, бұл салық тек аса қымбат жылжымайтын мүлік және автокөлік сатып алған кезде салынады.

Автокөлік сатып алу кезінде төленетін алым-салық мәселесіне жеке тоқталайын. Кейбір жақын шетелдерден әкелінген автокөліктерге қатысты түйткілдер баршаға мәлім. Заң аясынан тыс қалып отырған мұндай көліктер қоғамдық қауіпсіздікке қатер төндірді. Заңсыз көлік әкелетін амал-тәсілдің бәріне тосқауыл қою үшін батыл шаралар қабылдау қажет. Ал биылғы 1 қыркүйекке дейін елге әкелінген автокөліктерге қатысты ахуалды реттеу керек. Оларды заңдастыру мақсатында утилизация және алғашқы тіркеу үшін төленетін қаржы көлемін 200–250 мың теңгеден асырмай, бәріне бірдей және бір реттік алым алуды ұсынамын. Бұл – іздеу салынбаған және кеден рәсімдерінен өткен көліктерге ғана қатысты шара.

Төртінші. Салық саясатының тиімді болуы кеден жұмысының ашықтығына тығыз байланысты.

Салық және кеден саласындағы ақпараттық жүйелерді толық біріктіру ісін аяқтау маңызды.

Келесі мәселе. Тексерушілердің тым көптігі. Олардың теріс әсер еткені белгілі. Сондықтан шекараға интеграцияланған кедендік бақылау тәсілін енгізу қажет.

Кедендік рәсімдеу орталықтары «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істеуге тиіс. Бесінші. Біз «көрпеге қарай көсілу» қажет екенін ұмытпауымыз керек.

Бюджет саясатына реформа жасалады. Ақырғы нәтижені деп басуымыз керек. Бюджет кодексінде шекті нормативтер бекітіледі. Оны бюджетті жоспарлау және орындау кезінде міндетті түрде ұстану қажет.

Ұлттық қордың қаржысын тиімсіз жұмсау тоқтатылады. Бұл – өте өзекті мәселе. Қордың қаражатын аса қажет инфрақұрылымды дамытуға және еліміз үшін маңызы зор жобаларды қаржыландыруға жұмсаймыз.

Бюджет үдерістерін барынша жеңілдету қажет. Мемлекеттік органдардың игерілмеген қаражатты келесі жылға қалдыруына мүмкіндік беру керек. Сол арқылы олар ақшаны бюджетке қайтарудың тиімсіз тәртібінен құтылады. Сонымен бірге, бюджетке қатысты тәуекелдерді басқару жүйесін іске

қосу керек. Бұл жүйе квазимемлекеттік секторды да қамтуға тиіс.

Біз салық түсімін өңірлердің өзіне бере бастадық. Бұл жұмысты жалғастыру қажет.

«Халық қатысатын бюджет» жобасы тиімді іске асырылып жатыр. Оның ауқымын кеңейтіп, жобаға аудандық маңызы бар қалалар мен ауылдарды тарту керек. Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы қаржысының кемінде 10 пайызы қайда жұмсалатынын қоғамның өзі айқындауға тиіс. Осы айтылған мәселелерді тиімді жүзеге асыру үшін жаңа Бюджет кодексін қабылдау қажет.

Алтыншы. Кәсіпкерлікті жүйелі түрде қолдау.

Бұл жұмыста бәрін басынан бастап реттеу керек. Тапсырма екі жылдан бері орындалмай келеді. Жүздеген, тіпті мыңдаған заңнамалық құжат пен нұсқаулықты қайта-қайта түзете бергеннен ештеңе шықпайды. Оның орнына ықшам әрі түсінікті жаңа ережелерді бекіткен жөн. Мұндай тәсілді 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап толық енгізу қажет.

Келесі мәселе. Мемлекет қаржылай қолдау жасаған кезде бәсекеге қабілетті шағын және орта бизнес өкілдеріне баса мән береді. Еңбекақы төлеу қорын көбейткен және салық төлемдерін арттырған кәсіпорындарға қолдау көрсетіледі. Бұл – негізгі талап.

Сонымен қатар, мемлекеттен көмек алатын бизнес өкілдерін анықтайтын автоматты жүйе енгізіледі. Мемлекеттік сатып алудың мүлде жаңа жүйесі жасалады. Бағаның төмен болуы ғана емес, тауарлар мен қызметтердің сапасы басты назарда болады.

Мемлекеттік және квазимемлекеттік сатып алуды бірыңғай платформаға көшіру қажет.

Осының бәрін жүзеге асыру үшін «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заң қабылдануға тиіс.

Жетінші. Мемлекет пен жекеменшік серіктестігінің жаңа үлгісіне көшу керек.

Қазір көптеген жоба кейбір кәсіпкерлер мен шенеуніктердің майшелпегіне айналды. Келісім-шарттар ашық және конкурстық негізде жасалуға тиіс. Осы мақсатта тиісті заң қабылдау қажет.

Сегізінші. Несие ресурстарының тапшылығы отандық бизнес үшін үлкен проблема болып отыр.

Қазақстанда шағын және орта бизнесті қаржыландыру үшін 42 миллиард долларға жуық қаражат жетіспейді. Сөйте тұра, банктерде триллиондаған теңге қаржы іс жүзінде экономикаға еш пайдасын тигізбей босқа жатыр.

Ұлттық банк, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, Үкімет бірлесіп, нақ-



ты секторды тұрақты әрі қолжетімді несиемен қамтамасыз ететін нақты шешімдер қабылдауға тиіс.

Ұлттық банк қазіргі ахуалдың өте күрделі екенін ескере отырып, барынша икемді қимылдауы, тіпті тапқырлық танытуы керек. Шетелдерде бұған қатысты оң тәжірибелер бар.

Тоғызыншы. Өнім өндіру үшін, ең алдымен, жер керек. Жері жоқ адам бизнеспен айналыса алмайды.

Кәсіпкерлерге жер телімдерін ашық әрі жедел бөлудің тиімді тәсілдері айқындалуға тиіс. Оны жыл соңына дейін әзірлеу керек. Әрбір аймақ пен елдімекенде бос жатқан немесе мақсатына сай игерілмеген жердің бар-жоғын анықтау қажет. Бұл ақпаратты бизнес өкілдері білуге тиіс. Аталған шаралар кәсіпкерлердің ғана емес, жалпы экономиканың бәсекеге қабілетін арттыра түсетіні анық.

ЕКІНШІ БАҒДАР. НАҚТЫ СЕКТОРДЫ ДАМУ

Ең алдымен, жер қойнауын игеру ісіне инвестиция тарту үшін заңнаманы және рәсімдерді барынша жеңілдету керек.

Геологиялық ақпарат туралы бірыңғай мәліметтер банкі құру жұмысын аяқтау қажет.

Үкіметке индустрия және жер қойнауын игеру салаларының инвестициялық тартымдылығын арттыруды тапсырамын.

Быттыр менің тапсырмам бойынша барлық арнайы экономикалық аймақтың тиімділігі бағаланды. Соның нәтижесінде түйткілді тұстарды анықтап, тың тәсілдерді ойластырдық. Енді арнайы экономикалық аймақтарды дамыту үшін мүлде басқа саясатқа көшкен жөн.

Қазіргі таңда шетел компаниялары Қазақстанға көше бастады. Сондықтан бұл мәселе тіпті өзекті болып отыр.

Бізде әлі күнге дейін битум тапшы. Бұл – ірі көлемде мұнай өндіретін ел үшін, тіпті, ұят жағдай. Үкімет осы мәселені түбегейлі шешуге тиіс.

Жалпы, ашығын айтуымыз керек, Үкіметтің жұмысында қайта-қайта олқылықтар болып жатыр. Біресе жанар-жағармай, біресе шекер жетіспейді.

Осының бәрі Үкіметтің нақты шешім қабылдауға келгенде өте баяу қимылдап, батыл қадам жасай алмауынан болып отыр. Мұндай жағдайға азаматтардың да көңілі толмайды. Әрине, бұл – орынды. Сондықтан дәл осылай жалғаса берсе, тағы да нақты кадрлық шешімдер қабылдауға тура келеді.

Келесі мәселе. Ұлттық экономика құрылымында құрылыс секторы маңызды орынға ие. Осы сала ішкі жалпы өнімнің 5-6 пайызын береді. Жанама салалар қосылса, бұл көрсеткіш одан да көп.

Бүгінде Қазақстандағы сәулет-құрылыс қызметін реттейтін

2,5 мыңнан астам құжат бар. Бұл жүйе әбден қағазбастылыққа көмілген. Жемқорлық аз емес. Ескі құрылыс стандарттары мен нормалары әлі де қолданылады. Сондықтан Үкіметке мүлдем жаңа құжат – Қала құрылысы кодексін қабылдауды тапсырамын.

Әрбір қаланың жер телімдері мен коммуналдық желілердің схемасы көрсетілген функционалды интерактивті картасын жасау керек. Жер кадастрында өнеркәсіптік мақсатқа арналған жер телімдерінің картасын қолданыстағы көлік және коммуникация инфрақұрылымының схемаларымен толықтырып отыру қажет.

Ауыл шаруашылығын дамыту – негізгі проблеманың бірі. Осы саладағы ахуал мемлекетіміздің азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Еліміздің ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін және оның қосымша құнын арттыру қажет. Бұл – стратегиялық

анықтаған жөн. Су саласын дамытудың үш жылдық жобасын әзірлеу керек.

ҮШІНШІ БАҒДАР. ЕЛ БОЛАШАҒЫНА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯ

Еліміздің басты құндылығы – адам. Бұл – айқын нәрсе. Сондықтан ұлттық байлықты тең бөлу және баршаға бірдей мүмкіндік беру – реформаның басты мақсаты. Ұлт саулығы жақсы болса ғана, қоғам орнықты дамиды.

Денсаулық сақтау саласында біраз реформа жүргізілді. Дегенмен, оның жағдайы әлі де мәз емес. Әрине, жылдар бойы қордаланған түйткілдер бір мезетте шешілмейді. Сондықтан аса маңызды мәселелерді ретке келтіруге баса мән берген жөн. Соның бірі – қаржыландыру жүйесі. Осы салаға қаржының жеткілікті бөлінбеуі қалыпты жағдайға айналған. Соның кесірінен, жұрт сақтандыру жүйесіне қосылса да, медициналық қызмет толық көлемде көрсетілмей отыр.

Бүгінде медициналық көмек мемлекет кепілдік берген және сақтандыру пакеті деп екіге бөлінген. Ашығын айтсақ, мұндай жүйенің тиімділігі төмен. Тіпті, сақтандыру моделі тұрақсыз әрі жүйесіз дамуда. Бұл – үлкен олқылық. Ерікті медициналық сақтандыру жүйесін енгізетін уақыт әлдеқашан жетті.

Үкіметке денсаулық сақтау саласын және жалпы әлеуметтік саланы қаржыландыру жүйесін қайта қарауды тапсырамын.

Медициналық инфрақұрылымды кешенді түрде жақсартуға баса назар аудару керек. Мемлекет пен жекеменшіктің серіктестігін тиімді пайдаланған жөн.

Медицина – инвестиция салуға қолайлы сала. Тек оған дұрыс жағдай жасау қажет.

Мен келесі жылдан бастап ұлттық жобаны жүзеге асыруды тапсырдым. Бұл құжат, ең алдымен, ауыл тұрғындарының сұранысын қанағаттандыруға арналған.

шешеміз. Бұл ауыл және қала мектептерінің айырмашылығын едәуір азайтады.

Жалпы, мектеп салу Үкімет және әкімдіктер үшін басты міндеттің бірі болуы керек.

Жемқорлар сотталғанда, олардың заңсыз тапқан қаржысы мемлекетке өтіп, түгелдей мектеп құрылысына жұмсалудағы тиіс. Үкімет осы бастаманы заң тұрғысынан рәсімдеу туралы шешім қабылдауы керек.

Мектеп формасын барлық оқушыға барынша қолжетімді ету аса маңызды. Әлеуметтік тұрғыдан әлсіз саналатын кейбір топтағы балаларға оны бюджет есебінен беру қажет деп санаймын. Мектеп формасына арналған мемлекеттік тапсырысты отандық жеңіл өнеркәсіпті дамытуға бейімдеген жөн.

Әділетті Қазақстанды құру ісінде мұғалімдердің рөлі айрықша екені сөзсіз. Мемлекетімізде соңғы жылдары ұстаз мамандығының абырой-беделін арттыру үшін көп жұмыс жасалды. Дегенмен, бұл бағытта әлі де біршама өзгерістер жасау қажет.

Педагогикалық жоғары оқу орындарын аккредитациялаудың жаңа стандарты қабылданады. Сондай-ақ, ұстаздардың құзырет аясы айқындалады.

Жаһандық ғылыми-техникалық даму барысын ескерсек, жоғары сыныптарда жаратылыстану-математика пәндерін және ағылшын тілін оқытуды барынша күшейту маңызды.

Қоғамда қазақ және орыс тілін мектепте оқыту мәселесі бойынша пікірталас болып жатыр. Нақты айтайын: біз қазақ тілін де, орыс тілін де жақсы білетін балаларды тәрбиелеуіміз қажет. Себебі, бұл ұрпақтың мүддесі үшін керек. Оқу-ағарту министрлігі популисттердің жетегінде кетпей, балалардың мүддесін қорғауға тиіс. Білімді және бірнеше тілді меңгерген ұрпақ болашаққа сеніммен қадам басады. Біздің күшіміз – жастардың білімінде.

Техникалық және кәсіби білім беретін оқу орындары еңбек нарығының нақты сұранысына бейімделуі және еліміздің жаңа экономикалық бағдарының міндеттеріне сай болуы керек.

Ата-аналар мен оқушылар алған білімінің және игерген машық-дағдысының сапалы және сұранысқа ие болуы үшін белгілі бір деңгейде жауапты екенін сезінуге тиіс. Сондықтан олармен де үнемі әріптестік қатынас орната білу керек. Осы мақсатта жеке білім беру вуучерлерін енгізу жоспарланып отыр.

Баланың білім алуына, оның ішінде сыныптан тыс оқуына мемлекет бөлетін қаражат бірыңғай білім беру есепшоттарында жинақталады.

Бір сөзбен айтқанда, мұны балалардың білім алуына инвестиция ретінде жұмсалатын алғашқы мақсатты капиталы деуге болады. Бұл қадам еліміздің әрбір азаматы үшін бірдей мүмкіндік қағидатын іс жүзінде қолдануға көмек ашады. Жоғары білім саласындағы реформаларды да осы бағытта жүзеге асырған жөн.

Отандық жоғары оқу орындарының білім сапасы артқан сайын ондағы оқу ақысы да өсе түседі. Сондықтан мемлекет ұлттық бірыңғай тәстілеудің нәтижесіне және басқа да көрсеткіштерге байланысты білім беру гранттарын әртүрлі деңгейде бөлуді жоспарлап отыр. Оның көлемі 30-дан 100 пайыз аралығында болады.

Білім алуға жылдық өсімі 2-3 пайыз болатын жеңілдетілген несие де беріледі. Бұл шаралар жоғары білімнің қолжетімділігін арттырып қана қоймай, қоғамда әріптестік және өзара жауапкершілік қағидатын нығайта түседі.

Келесі маңызды мәселе – студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету. Бұл түйткілді шешу үшін жоғары оқу орындарымен және құрылыс компанияларымен мемлекеттік-жекеменшік серіктестік орнату тәсілін барынша енгізу керек. Сондай-ақ, барлық мәселені шешімін табуды мемлекеттің мойнына ілу дұрыс емес деп санаймын. Сол себепті, мемлекеттен қаражат алу үшін жекеменшік жоғары оқу орындарының жатақханасы болу шарт. Әрине, мұны оқу орындарынан біртіндеп талап еткен жөн.

Студенттердің жекелеген, әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған санаттары үшін пәтер жалдауға кететін шығынын субсидиялау мүмкіндігін де қарастыруға болады. Жоғары оқу орындары жанындағы эндаумент-қорлар білім беру өкөжүйесін дамытудың негізгі буынына айналуға тиіс.

Мақсатты капиталдың мұндай қорлары әлемдегі озық университеттерде ғылымды және инновацияны қаржыландырудың өзегі саналады.

Еңбекақыны нарықтағы жағдайға сай өсіру – халықтың әл-ауқатын арттырудың басты факторы. Мемлекет ең төменгі жалақыны айқындаудың жаңа тәсілін енгізеді. Бұл әдіс оның мөлшерін біртіндеп ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Мен ең төменгі жалақы деңгейін 60 мың теңгеден 70 мың теңгеге дейін көтеру туралы шешім қабылдадым. Бұл шешім 1,8 миллион азаматтың табысына тікелей әсер етеді.

(Жалғасы 4-5-беттерде).

БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ

Арнайы экономикалық аймақтарға инвестициялық жеңілдіктерді саралап беру керек. Неғұрлым көп ақша салсаң, соғұрлым көп жеңілдік аласың деген ұстаным басты қағида болуы қажет. Жұмыс істейтін саласы негізгі бағыт болмаса да, маңызды индустриялық жобаларды жүзеге асыратын инвесторлар бар. Оларға салық және кеден жеңілдіктерін ұсынбай-ақ, жер телімдерін беруге болады.

Барлық инвестициялық міндеттемесін адал орындайтын кәсіпорындар да бар. Оларға арнайы экономикалық аймақтан жер телімін жекеменшікке беру мәселесін шешу қажет.

Жалпы, инвестиция тарту жұмысын жүйелі жүргізу керек. Бұл – Үкіметтің алдында тұрған басты міндеттің бірі.

Келесі мәселе. Бұған дейін айтылғандай, мемлекет өзінің экономикаға араласуын біртіндеп азайта береді.

«Самұрық-Қазына» қоры экономиканың басты салаларына бақылау жасауға ғана мүмкіндік беретін мажоритарлы үлесі бар инвесторға айналады. Қордың басқа активтері мен акцияларын жекешелендіру керек. Оны жүзеге асыруға «Халықтық IPO» тәсілін де қолдануға болады.

«Самұрық-Қазына» қоры жеке инвесторлар дербес жүзеге асыра алмайтын аса маңызды жобаларға инвестор ретінде қатыса алады. Мұндай жобаларды Президент анықтайды.

Келесі мәселе – еліміздің транзиттік қуатын арттыру.

Қазақстан қазіргі геосаяси жағдайда Азия–Еуропа арасындағы аса маңызды құрлық дәлізі болып отыр. Біз бұл мүмкіндікті толық пайдаланып, әлемдік маңызы бар көлік-тасымал торабына айналуымыз керек. Еліміз осы салада ірі жобаларды жүзеге асыра бастады. Атап айтқанда, Ақтауда контейнер хабы құрылып жатыр. Транскаспий дәлізі дамып келеді. Осы жұмыстарға әлемдегі үздік логистика компаниялары тартылады.

«Қазақстан теміржолы» компаниясы толыққанды транзиттік-логистикалық корпорация болып қайта құрылады.

Автожол құрылысына, соның ішінде жергілікті жолдардың сапасына баса мән беру керек. Бюджеттен қыруар қаржы бөлінсе де, бұл мәселе әлі шешімін таппай отыр.

Мен 2025 жылға дейін жергілікті жолдардың кемінде 95 пайызын жақсарту жөнінде тапсырма бердім. Үкімет бұл мәселені тікелей бақылауға алсын.

Жол құрылысындағы заңсыздықтарды анықтау қажет. Бұл жұмыстан нақты нәтиже шығару керек.

міндет. Қазір тек бидай мен мал сатып отыратын заман емес. Үкімет агроөнеркәсіп саласын субсидиялаудың ұзақ мерзімге арналған жаңа тәсілдерін әзірлеуге тиіс.

Бюджет қаражатының қайтарымы болуы керек. Мемлекет қаржыны оңды-солды шашып, ысырап етуге жол бермейді.

Субсидия бөлуге және оның жұмсалуына жүргізілетін бақылауды күшейту керек.

Шаруалардың өзара ұжымдасуы ауыл шаруашылығын дамытуға жол ашып отыр. Біз осындай пилоттық жобаны жүзеге асырдық. Оған қатысқан ауылшаруашылық кооперативтерінің егіні екі есе артық өнім берген. Ал мал басы шамамен 25 пайызға көбейген. Әр өңірдің ерекшелігін ескере отырып, оң тәжірибені бүкіл елге біртіндеп тарату қажет. Бұл салада озық технологиялар тапшы.

Қазір ауыл шаруашылығына арналған жер туралы толыққанды ақпарат жоқ. Жердің құнары, су ресурсы мен суару жүйесі және оның жолдары жайлы мәліметтер жан-жақта шашырап жатыр. Цифрлық платформа осының бәрін бір жерге жинақтайды.

Тұтастай алғанда, еліміздің агро-өнеркәсіп кешені келесі жылдан бастап жаңа әрі тұрақты ереже бойынша жұмыс істеуі қажет.

Игерілмей жатқан жерді қайтарып алу жөніндегі комиссияның қызметіне жеке тоқталым келеді. Комиссия жұмысының аясында ауыл шаруашылығы мақсатындағы 2,9 миллион гектар жер мемлекетке қайтарылды. Жылдың соңына дейін кемінде 5 миллион гектар жерді қайтарып алу жоспарланып отыр. Игерілмей жатқан немесе заңсыз берілген жер көлемі 10 миллион гектарға жуықтайды. Үкімет пен әкімдіктер келесі жылдың соңына дейін осы жерлерге қатысты нақты шешім қабылдауға тиіс. Қазір жер мәселесін тексеруге жарияланған мораторий де күшін жойды. Бұл қадам жұмысқа оң ықпалын тигізеді деп ойлаймын.

Ел экономикасын тұрақты дамытуға су тапшылығы қатты кедергі болып отыр. Қазір бұл ұлттық қауіпсіздік мәселесіне айналды. Сырттан келетін су азайып барады. Сол судың өзін тиімсіз пайдалану жағдайы одан әрі ушықтырып отыр. Судың 40 пайызы құмға сіңіп жатыр. Бұл салада басқа да түйткілдер аз емес. Атап айтқанда, инфрақұрылым әбден тозған. Сондай-ақ, автоматтандыру және цифрландыру деңгейі төмен. Ғылыми негіздеме жоқ, мамандар тапшы. Бұл мәселелерді шешу үшін Үкімет жанындағы Су кеңесінің жұмысын жандандыру қажет, білімді сарапшыларды жұмысқа тарту керек. Қажетті мамандарды даярлау үшін бұл саладағы іргелі әрі мықты жоғары оқу орнын



ЖОЛДАУ-2022

(Басы 2-3-беттерде)

Біз зейнетақы жүйесін де қайта жаңғыртамыз. Зейнетақының ең төменгі базалық мөлшерлемесін біртіндеп ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызына, ал жоғарғы шегін 120 пайызына жеткізу қажет. Бұған дейін қабылданған шешімдермен бірге бұл қадам 2025 жылға қарай жиынтық зейнетақы мөлшерін орташа алғанда 27 пайызға көбейтеді.

Сондай-ақ, әлеуметтің талап-тілегін ескере отырып, әйелдердің зейнет жасын 2028 жылға дейін 61 жас деңгейінде қалдырамыз.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының тиімді инвестициялық стратегиясын әзірлеу қажет. Бұл жұмысқа іскерлік абырой-беделі мен кәсіби біліктілігі жоғары мамандары бар жеке компанияларды тартуға болады.

Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне де өзгеріс енгізу керек.

Біз 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап бала күтімі үшін төлемақы төлеу мерзімін сәби бір жарым жасқа толғанға дейін ұзартамыз. Балалардың ең маңызды шағында – сәби кезінде ата-аналары жанында көбірек болады.

Әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға жұмыссыз қалғаны үшін төленетін төлемақы орташа айлық табысының 45 пайызына дейін көбейтіледі. Бұл қадам осын-



ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ.

дай жағдайға тап болған жандарға септігін тигізіп, қызметке тезірек оралуына мүмкіндік береді.

Атаулы әлеуметтік көмектің бірыңғай жүйесін құру азаматтардың әл-ауқатын жақсарту ісіндегі маңызды қадамның бірі болмақ.

2023 жылдан бастап, Отбасының цифрлық картасы және Әлеуметтік әмиан сияқты тәсілдерді енгізу жоспарланып отыр.

Осы бастамалар аясында мемлекеттік қолдаудың түрлі шаралары біріктіріледі.

Оның бәрі барынша түсінікті, ең бастысы, нақты болады әрі алдын ала жасалады.

Жастарға жан-жақты қолдау көрсету – мемлекетіміздің басты міндетінің бірі. Еңбекпен қамтитын түрлі шаралар арқылы келесі жылы 100 мың жасқа жұмыс беруіміз керек. Жастардың кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсетіле бермек. Оларға жеңілдетілген тәртіппен жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несие беріледі. Бұл шаралар қоғамның барынша үйлесімді әрі әділетті болуына ықпал етеді.

Жалпыхалықтық референдумда қабылданған конституциялық өзгерістер Әділетті Қазақстанның символына айналды.

Біз Ата Заңымызда жер мен табиғи ресурстар халықтың меншігі деген басты қағидатты бекіттік. Бұл – құр сөз емес. Бұл – барлық реформаның арқауы.

Әрбір отбасы еліміз пайдаланып жатқан ұлттық байлықтың игілігін көруі керек. Сондықтан мен жариялаған Балалар жылының аясында «Ұлттық қор – балаларға» атты мүлде жаңа бағдарламаны жүзеге асыру өте маңызды деп санаймын.

Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызын балалардың арнаулы жинақтаушы есепшотына аударуды ұсынамын. Қаржы әр бала 18 жасқа толғанға дейін аударылып тұрады, оны мерзімінен бұрын есепшоттан шығарып алуға болмайды. Жинақталған қаржы балалар кәмелет жасына толғаннан кейін олардың баспана немесе білім алуына жұмсалатын болады. Бұл қаражат өскелең ұрпақтың үлкен өмірге қадам басыуына мүмкіндік береді. Қор, шын мәнінде, ұлттық мәртебеге ие болып, халқымыздың игілігіне қызмет етеді. Бастаманы мұқият әзірлеу қажеттігін ескере отырып, жобаны 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап іске қосуды тапсырамын.

«Самұрық-Қазына» қоры таза пайдасының кемінде 7 пайызын «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына аударатын болады. Бұл – Жаңа Қазақстанның сипатына сай келетін маңызды бастама. Сондай-ақ, табысы мол кәсіпкерлер мен азаматтар қорға демеушілік көрсете береді деп сенемін.

Жалпы, адам әлеуетін дамыту – маңызды мәселенің бірі. Осы орайда, шетелден дарынды жандарды елге тарту қажет. Өсіресе, шығармашылық және кәсіпкерлік салада жетістікке жеткен азаматтарды шақыру керек. Мен тиімді көші-қон саясаты туралы айтып отырмын.

Сұранысқа ие болып отырған және жоғары білікті мамандардың тапшылығын азайту қажет. Ғылым, денсаулық сақтау, өндіріс, IT

салаларының білікті мамандарына жеңілдік жасалады. Мемлекет оларға елімізде тұрақты тұру үшін виза береді. Шетел кәсіпкерлері он жылға виза рәсімдеп, Қазақстанда тұруға мүмкіндік алады. Бірақ олар экономикамызға 300 мың доллардан астам инвестиция салуы қажет.

Қандастардың көшіп келуіне және ішкі миграцияға қатысты саясат түбегейлі өзгереді. Бұл орайда, демографиялық және экономикалық үрдістерді ескеру керек. Сондай-ақ, жалпыұлттық мүддені басшылыққа алу өте маңызды.

Қуатты ұлттың дінгеі – халық. Ең бастысы, азаматтарымыздың денсаулығы мықты, білімі терең болуы керек.

Кәсібилік пен еңбекқорлық қоғамымызда ең жоғары орында тұруы қажет. Тағы да қайталап айтамын. Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады. Мен Ұлттық құрылтайда және «Жастар рухының» съезінде бұған арнайы тоқталдым. Біз қарапайым еңбек адамына құрмет көрсетуіміз керек. Қандай кәсіппен айналыссаң да, оны сапалы атқару маңызды.

Жастар нақты бір мамандықтың қыр-сырын жетік білуге ұмтылғаны жөн. Өз саласының шеберіне әрдайым сұраныс болады. Өскелең ұрпақ Қазақстанда ғана емес, өзге елдерде бәсекеге қабілетті болуы керек.

Көріп мемлекеттің азаматтары шетелге барып, жұмыс талғамай еңбек етіп жатыр. Олар біздің елде де өте жақсы табыс тауып жүр. Шын мәнінде, ең бастысы – адал еңбек. Біз мұны жете түсінетін ұрпақ тәрбиелеуге тиіспіз. Идеология жұмысында осыған баса мән берген жөн.

ТӨРТІНШІ БАҒДАР. МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ІСІН ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУ

Экономиканы түбегейлі реформалау үшін мемлекеттік басқару жүйесіне серпіліс қажет. Жұрт бос сөзден, жарқын болашақ туралы жалынды ұрандардан жалықты. Халық мемлекеттік органдардың өз уәдесін қағаз бетінде емес, іс жүзінде орындағанын қалайды.

Саяси қызметшілердің жеке жауапкершілігін арттыра отырып, мемлекеттік басқару жүйесін орталықсыздандыруға баса мән беру керек. Үкіметтің кейбір құзыреттерін министрліктерге берген жөн. Нақты бір саладағы саясатқа «ұжымдасқан кабинет» емес, нақты бір министр жауап беруге тиіс.

Үкімет салааралық мәселелерді шешумен шұғылдануы қажет. Премьер-Министр Кеңесінің мемлекеттік басқару ісінің үздік стандарттарына сай келетін, ықшамды Үкімет аппараты ретінде қайта құру осы бағыттағы алғашқы қадам болмақ. Басты мақсат – оның атауын өзгерту емес, нақты реформа жасау. Біз орталық мекемелерді онтайландыру арқылы жергілікті атқарушы органдардың өкілеттігін айтарлықтай кеңейтуіміз керек. Бұл тәсіл қордаланған мәселелерді өңірлерде, ел ішінде шешуге мүмкіндік береді.

Жергілікті өзін-өзі басқару мәселелеріне, қоғамдық кеңестердің, пәтер иелері кооперативтері мен мүлік иелері бірлестіктерінің

қызметін өзгертуге айрықша назар аудару қажет.

Тұрғын-үйлер мен қала инфрақұрылымын абаттандыру мәселесін қолға алу керек. Ғимараттардың сыртқы көрінісі және ішкі инфрақұрылымының қызметі азаматтардың көңілінен шықпайды, елімізді шетелдіктердің алдында ыңғайсыз жағдайға қалдырады.

Үкіметке жаңа әкімшілік реформа әзірлеуді тапсырамын. Оған қоса, мемлекеттік органдардың жұмыс нәтижесін жақсартып, жауапкершілігін арттырған жөн.

Бізге сапалық тұрғыдан жаңа мемлекеттік басқарушылар керек. Мемлекеттік қызметшілерді іріктеу және жұмыстан босату жүйесін заман талабын ескере отырып, қайта жасау қажет. Мемлекеттік қызмет жеке сектордағы кәсіби мамандар үшін барынша ашық болғаны дұрыс. Кадрлық резервті нығайту керек.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігі толыққанды стратегиялық HR институтына айналуға тиіс. Үкімет Агенттікпен бірлесіп бүкіл әлемдегі азаматтарымыздың әлеуетін жұмылдыру үшін арнайы платформаны іске қосуы керек.

Квазимемлекеттік сектордағы басқару ісінің тиімділігін арттыруға айрықша назар аударған жөн. Бұл бағытта нақты жұмыс атқарыла бастады. Соны аяғына дейін жеткізу керек. Ол үшін «Самұрық-Қазына» қорының жаңа жұмыс үлгісін түпкілікті айқындап алу қажет.

Әлемдегі ең үздік инвестициялық және өндірістік компанияларды үлгі ретінде алу керек. Мемлекеттік активтерді басқару ісі барынша ашық болуға тиіс. Үкімет жыл сайын Ұлттық баяндама әзірлеуді қамтамасыз етеді және оны Парламентке жолдайды.

БЕСІНШІ БАҒДАР. ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

Қоғамда заң үстемдігі берік орнығып, сот төрелігі әділ атқарылуы қажет. Осыған орай, қазылар қауымын шұғыл түрде қайта іріктеп, жанартып жасақтау керек.

Қазылар жоғары білікті, адал, сондай-ақ, жемқорлықтан таза болуы қажет. Ең алдымен, барлық судьялардың мәртебесін теңестірген жөн. Олар өзінен жоғары тұрған әріптестеріне тәуелді болмауы керек.

Көптеген сот төрағасы лауазымы судья лауазымы болып өзгереді. Сот төрағасы және Сот алқасының төрағасы лауазымына үміткерді судьялар өздері сайлайтын тәсіл енгізуді ұсынамын. Жоғарғы Сот судьяларын да сайлау арқылы таңдау тәсілін енгізген жөн. Ол үшін Президент үміткерлерді баламалы негізде Сенатқа ұсынуы керек. Аталған салаға мықты заңгерлерді тарту үшін материалдық жағдай жасау қажет.

Судьялардың дербестігін арттыру үшін Жоғарғы сот кеңесінің мәртебесін нығайтқан дұрыс. Судья болуға үміткерлерді дайындау, біліктілігін көтеру жұмысы Кеңестің құзыретіне беріледі. Сондай-ақ, олардың шекті жасын ұзарту, өкілеттігін тоқтату мәселесімен де осы мекеме айналысады. Бұл мемлекеттік орган нақты кадрлық функциялары

бар, толыққанды институтқа айналуы керек. Кадрларды іріктеуден бастап, барлық деңгейдегі соттарды тағайындауға ұсыным беруге дейінгі бүкіл міндет соларға жүктеледі.

Күштік құрылымдар сотқа ықпал етпеуге тиіс. Бұл – өте маңызды. Судьяларға әкімшілік қысым көрсететін амал-тәсілдің бәрі жойылуы керек. Судьялардың қызметіне араласуды шектей отырып, олардың заң бұзғаны үшін жауапкершілігін арттырамыз.

Судьяның өрескел қателік жіберген және күшін жойған әрбір сот актісін Қазылар алқасы тексеруге тиіс.

«Сот төрелігін атқару сапасы» бойынша судьяларды бағалау және жауапкершілікке тарту институтын түбегейлі қайта қараған жөн.

Апелляция институтын реформалау қажет. Істер бірінші сатыдағы сотқа қайтарылмай, нақты мән-маңызы бойынша шешім шығарылуы керек.

Әкімшілік әділеттің қолданылу аясын да кеңейту қажет. Әкімшілік құқық бұзушылықтардың ауқымды бөлігінің және мемлекеттік органдармен арадағы азаматтық-құқықтық даулардың Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекспен реттелуі отандық сот төрелігін барынша ізгілендіріп, әділдікке бастайды.

Сонымен бірге, аудандық және облыстық соттар деңгейіндегі сот төрелігінің қолжетімді болу мәселесін пысықтау керек.

Бизнес өкілдері сот алымдарының тым жоғары болуы олардың өз мүддесін қорғауына айтарлықтай кедергі келтіреді деп есептейді. Бұл – орынды пікір.

Сондықтан қазіргідей талап-арызда көрсетілген сомадан алынатын пайыз мөлшерінің орнына мүлік даулары бойынша ойға қонымды алым мөлшерін белгілеу қажет.

Мемлекеттің сот процесіне қатысуын азайтқан жөн. Мемлекеттік органдар арасындағы сот дауларын да ретке келтіретін кез келді. Егер екі министрлік заң нормаларын әртүрлі түсінсе, ондай мәселені Үкімет түпкілікті шешуге тиіс. Дәл осындай тәсілді мемлекеттік органдардың мемлекеттік ұйымдармен арадағы дауларына да қатысты қолдану қажет.

Түрлі өңірде ұқсас істер бойынша әртүрлі шешімдер қабылданатын жайттар жиі кездеседі. Қазір цифрлық талдау жасайтын құрал әзірленуде. Сол арқылы сот төрелігін атқару ісін біріздендіруге мүмкіндік туады.

Жоғарғы Сот осы интеллектуалды жүйені толық енгізуді тездеткені жөн.

Әрине, сот жүйесін реформалау мұнымен аяқталмайды. Бұл шаруамен мамандар Жоғарғы Соттан тыс айналыса береді. Осы қадам үдеріске бәсекелік сипат беріп, оны қоғам өкілдері мен тәуелсіз сарапшылар үшін ашық, яғни анағұрлым тиімді етеді.

Келесі мәселе – құқық қорғау органдарын реформалау туралы. Бұл сала әрдайым қоғамның жіті назарында.

«Қасіретті қаңтар» оқиғасы тәртіп сақшылары үшін нағыз сынақ болды. Ол кезде арандатушылардың кесірінен шерулер жаппай тәртіпсіздікке ұласты. Оның ақыры мем-



БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ

лекетке қарсы бүлік шығаруға әкеп соқтырды. Жұртты арандатушылардың көбі шартты немесе жеңіл жазамен құтылып кетті. Шын мәнінде, олардың кінәсі әлдеқайда ауыр. Өйткені, жағдайды қасақана ушықтырды. Соның салдарынан іс насырға шауып, қайғылы оқиғалар болды.

Маған құқық қорғаушылар, адвокаттар қауымдастығының өкілдері бірнеше рет өтініш жолдады. Олар елді жаппай тәртіпсіздікке үндеген адамдарды қатаң жазалау қажет екенін айтты. Бұл – орынды ұсыныс.

Сондықтан өкілетті органдарға осы мәселені қарастырып, нақты шара қабылдауды тапсырамын.

Біз кез келген ашық арандатушылыққа және заңсыз іс-әрекетке қатаң тосқауыл қоюымыз керек. Ел ішіне іріткі салған және заң бұзуға шақырған адамдар қатаң жазадан құтылып кетпейді.

«Саяси плюрализмге ашықпыз, экстремизмнен, қарақшылық пен бұзақылықтан қашықпыз» деген ортақ қағиданы бүкіл қоғамның есіне салғым келеді.

Қасақана арандату басталған жерде, сөз бостандығы мен пікір алуандығы туралы әңгіме қозғаудың өзі артық. Бұл – қоғамның тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, мемлекеттің тұғырын шайқауға әрекеттену деген сөз.

Бізге ел бірлігі ауадай қажет. Ереуілге қатысқандар да, күштік құрылым қызметкерлері де – өз азаматтарымыз. Олар сот әділ өтеді деп қана емес, қоғам кешірімді болады деп үміттеніп отыр.

Мемлекет қаңтар оқиғасына қатысқан, бірақ ауыр қылмыс жасамаған азаматтардың жазасын жеңілдетті. Заң бұзғандардың бірқатары кінәсін түсініп, өткен іске өкініп отыр. Оларға кешіріммен қараған дұрыс деп ойлаймын. Сондықтан мен қаңтар оқиғасына қатысушыларға бір реттік рақымшылық жариялау туралы шешім қабылдадым.

Рақымшылық жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастыруға қатысы бар адамдарға, сондай-ақ, мемлекетке опасыздық жасағаны және билікті күшпен басып алуға әрекеттенгені үшін айыпталғандарға қолданылмайтын түсінікті.

Сондай-ақ, лаңкестік және экстремистік қылмыс жасағандарға, рецидивистерге, жұртты азаптағандарға рақымшылық болмайды.

Біз адамгершілік таныта отырып, осы қайғылы оқиғадан тиісті қорытынды жасаймыз. Мұндай жағдай енді ешқашан қайталанбайды. Бұған жол бермейміз.

Қаңтар оқиғасы кезінде қаза болған азаматтардың жағдайы төмен отбасыларына материалдық көмек беріледі. «Қазақстан халқына» қоры да осы игі іске лайықты үлес қоса береді деп ойлаймын.

Біз қаңтар оқиғасынан сабақ алып, қоғамдық қауіпсіздікті едәуір күшейту қажеттігін түсіндік.

Соңғы кезде адам өлтіру, қарақшылық жасау сияқты ауыр қылмыстар көбейіп барады. Аса қатыгездікпен жасалатын мұндай әрекеттер бүкіл қоғамға қатер төндіреді.

Жазаны қатайту, мұндай қылмыс жасағандарды шартты түрде мерзімінен бұрын

босатуды доғару арқылы осы қауіпті үрдістің тамырына балта шабу керек.

Отбасылық зорлық-зомбылықты қылмыс санатына жатқызу мәселесі қоғамда көптен бері талқыланып жүр.

Құқық қорғау органдары бұл ұсыныстың дұрыс екеніне күмәнмен қарайды. Себебі, мұндай тұрмыстық жағдайларды анықтау оңай емес, яғни осындай оқиғаларды тергеп-тексеру қиынға соғады. Бұл сөздің де жаны бар. Бірақ қалай десек те, отбасылық зорлық-зомбылыққа көз жұма қарауға болмайды.

Отбасында ойран салатындар жазаға тартылмаса, олар одан бетер басынып кетеді. Ал жапа шеккендер мүлдем қорғаусыз қалады. Мұндай әрекеттер үшін жазаны күшейтетін кез келді деп санаймын. Зардап шеккен жандар елдің сөзінен немесе біреудің қысым жасауынан қорықпауы қажет. Сондықтан полиция қызметкерлері олармен өте мұқият жұмыс жүргізіп, тиісті шараларды қолдануы керек.

Синтетикалық есірткі тұтынатындардың көбеюі ұлт саулығына зор қауіп төндіруде. Қазіргі ахуал өте күрделі, соңғы үш жылда тәркіленген «синтетиканың» көлемі 10 есе артқан. Уақыт өткен сайын мұндай есірткі арзан әрі қолжетімді бола бастады. Нашәқорлар оны әлеуметтік желі мен түрлі мессенджер арқылы емін-еркін сатып алып жатыр. Есірткіні, тіпті, үйге әкеп беретіндер бар. Бұл – аса қауіпті әрі ауқымды әлеуметтік кесел.

Синтетикалық есірткіні өндіруге және таратуға қарсы күрес жалпыұлттық деңгейде жүргізілуге тиіс. Сондықтан нашәқорлықпен және есірткі саудасымен күресудің кешенді жоспарын әзірлеу қажет.

Интернет және телефон арқылы жасалатын алаяқтық әрекеттерге айрықша назар аудару керек.

Құқық қорғау органдары мұндай қатерлерді анықтап, қылмыскерлерді құрықтау үшін ақпараттық-сараптама жұмысын күшейтуі керек. Сондай-ақ, азаматтардың құқықтық және қаржылық сауатын жүйелі түрде арттырған жөн.

Бюджет қаржысын және жалпыұлттық байлықты талан-таражға салатын жемқорлық әрекеттер мен оның астыртын жолдарын ұйымдастырушыларды іздеуге, түпкі амал-тәсілдерін анықтауға барынша күш салу өте маңызды.

Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстерді мұқият саралап, ондағы қолданылмайтын немесе сот төрелігіне кедергі келтіретін артық-ауыс нәрсенің бәрінен арылу қажет. Тиісті түзетулер енгізілгеннен кейін оларды қайта-қайта өзгерте бермеу қажет. 2015 жылдан бері Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстерге 1200-ден астам өзгеріс енгізілген.

Уақытша жағдайларға байланысты немесе аясы тар корпоративті мүдделерге бола заңдарды өзгертуге жол берілмеуге тиіс.

Сондықтан қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнаманы түзету құзыретін Әділет министрлігіне беру қажет. Ол үшін мекеменің кадрлық әлеуетін нығайтып, заң шығару қызметінің сапасын арттыру керек.

Құрметті отандастар!

Біз бүгін алдағы реформалардың бағыт-бағдарын айқындап алдық.

Енді мемлекетімізді және қоғамның барлық саласын жаңғырта түсуге тиіспіз.

Саяси реформалар «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласымен жүзеге асырылып жатыр. Бұл тұжырым – қоғамымыздың мызғымас тұғыры.

Реформалардың мазмұны жан-жақты талға бермек.

Жалпыұлттық ынтымақты және билік пен қоғамның серіктестігін нығайта береміз. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасын ұстану аса маңызды.

Біз қоғамға іріткі салуды емес, елді ізгі мақсатқа жұмылдыруды ойлауымыз керек. Әділетті Қазақстан идеясының түпкі мәні – осы.

Біздің алдымызда айрықша міндет тұр. Бұл – еліміздің егемендігін және жеріміздің тұтастығын сақтап қалу.

Елдігімізді қорғаудың ең басты жолы – берекелі бірлік. Бұдан басқа жол жоқ. Ел бірлігі қашанда ең басты құндылық саналған. Қазір оның өзектілігі арта түсті.

Халқымыз татулық пен тұрақтылыққа ерекше мән берген. Оны бірінен биік қойған. Біз дәл осы кезде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара білуіміз керек.

Құрметті Парламент депутаттары! Қадірлі отандастар!

Мемлекетіміздің болашағына тікелей қатысы бар ой-пікірлерімді ортаға салғым келеді.

Қазіргі геосаяси жағдайда біз мемлекеттілігімізді біртіндеп нығайтып, реформалар мен жаңару бағдарын нық ұстануымыз қажет.

Барынша мұқият әрекет жасап, еліміздің ұзақ мерзімді мүддесіне сай жұмыс жүргізуіміз керек.

Реформалардың қазіргі қарқынын сақтау, саяси мәселелердің бәрін кейінге қалдырмай шешу аса маңызды. Ол үшін алдағы сайлау кезеңдерін тиімді жоспарлау қажет.

Президенттің кезекті сайлауы 2024 жылы, ал Парламент сайлауы 2025 жылы өтуге тиіс екенін баршаңыз білесіздер.

Жаңа стратегияға сәйкес басты мемлекеттік институттарды кешенді түрде қайта жаңғыртуға кірісу қажет деп санаймын.

Бұл қадам бізге әр азаматымыздың әлауқатын арттыру және бүкіл елімізді өркендету жолындағы ортақ жұмысты жандандыруға мүмкіндік береді.

Билік өзінің жоспарын қоғамнан жасырын ұстайтын саяси дәстүрден арылуымыз керек. Сондықтан мен бүгін алдағы сайлау науқандарының кестесін барша халыққа жариялағым келеді.

Мен биылғы күзде кезектен тыс Президент сайлауын өткізуді ұсынамын.

Әділетті Қазақстанды құру жолында түбегейлі және жан-жақты реформаларды табысты жүзеге асыру үшін халықтың жаңа сенім мандаты қажет.

Мен үшін мемлекет мүддесі бәрінен биік.

Сондықтан мен өкілеттік мерзімді қысқартуға және кезектен тыс Президент сайлауына баруға дайынмын.

Сондай-ақ, мен көп ойланып, Президент өкілеттігі мерзімдерінің санын және ұзақтығын қайта қарау қажет деген байламға келдім.

Президент мандатын ұзақтығы 7 жылдық бір мерзіммен шектеуді ұсынамын. Бірақ қайта сайлануға тыйым салынады.

Бұл бастаманың негізі қандай? Бір жағынан, 7 жыл – кез келген ауқымды бағдарламаны жүзеге асыру үшін жеткілікті кезең. Екінші жағынан, Президент мандатын бір мерзіммен шектеу Мемлекет басшысының жалпыұлттық дамудың стратегиялық міндеттерін шешуге барынша жұмылуын қамтамасыз етеді.

Тіршілік тоқтамайды, жаһандық үдерістер мен ел ішіндегі қоғамдық дамудың қарқыны күн өткен сайын артып келеді.

Мен ұсынып отырған конституциялық жаңалық билікті монополизациялау қаупін айтарлықтай азайтады. Дәл осы себепті, мен Президентті бір мерзімге ғана сайлау нормасын енгізуді ұсынып отырмын. Біз билікті жасақтаудың және оның қызметін қамтамасыз етудің өркениетті қағидаттарын бекітуге тиіспіз.

Жаңа президенттік жүйе саяси тұрақтылықты нығайтып, қоғамдық құрылыстың қазақстандық үлгісін орнықтырады. Президентті бір мерзімге ғана сайлау нормасын сайлаудан кейін Парламенттің қарауына ұсынамын. Парламент оң шешім қабылдаса, Отанымызда жаңа саяси дәуір басталады.

Елімізді саяси жаңғырту үдерісінде парламентаризмді дамыту ісі айрықша орын алады. Жаңарған Ата Заңымыз әділ әрі ашық ережелері бар саяси жүйенің мүлде жаңа стандарттарын енгізеді.

Саяси партияларды тіркеу рәсімі айтарлықтай жеңілдетілді. Парламент пен мәслихаттарды партиялық тізім және бір мандатты округ бойынша жасақтаудың тың тәсілдері іске қосылды.

Жалпы, конституциялық реформада көзделген институционалдық өзгерістің бәрін осы жылдың соңына дейін заңмен бекітіп, аяқтау қажет.

Бұл өзгерістер саяси партиялардың санын арттырады, саяси бәсекені күшейтеді, халық қалаушыларының жаңа легі пайда болуына септігін тигізеді.

Ескі тәсіл бойынша сайланған биліктің өкілді органдарының кезектен тыс сайлау науқаны арқылы жаңаруы заңдылық.

Сондықтан Мәжілістің және барлық деңгейдегі мәслихаттардың сайлауын келесі жылдың бірінші жартысында өткізуді ұсынамын.

Біз көпшіліктің мүддесін білдіретін депутаттардың жаңа құрамын жасақтаймыз. Бұл қадам мәслихаттар мен Парламент жұмысының тиімділігін арттырады сөзсіз. Болашақта Үкімет құрамына сайлаушылардың басым көпшілігінің дауысын алған саяси күштердің ғана емес, Парламенттегі басқа да партиялардың өкілдері кіруі мүмкін.

Мұндай тәсіл атқарушы билікке бүкіл қоғамның талап-тілегін ескеретін тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Сонымен, биыл Президент сайлауы, келесі жылы Мәжіліс және мәслихат депутаттарының сайлауы өтеді. Содан кейін Үкімет құрамы жасақталады.

Соның нәтижесінде 2023 жылдың ортасында Президент, Парламент, Үкімет сияқты негізгі саяси институттардың бәрі қайта жаңғырып, жаңарады.

Біз ашық бәсекелестік орныққан және бәріне тең мүмкіндік берілетін Әділетті Қазақстанды құрып жатырмыз.

Ауқымды саяси өзгерістерді ашықтық, әділдік және өзара сенім арқылы жүзеге асыру аса маңызды.

Жаңа сайлау науқанының мерзімдерін және оның ретін елге ашық жариялау шешім қабылдау кезіндегі ашықтық қағидатына сай келеді.

Осы қадамның бәрі біздің «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» атты басты формуламызды біртіндеп нақты мән-мазмұнмен байыта түседі.

Біздің бүгінгі бастамаларымыз Қазақстанның болашағын айқындайды.

Біз күн сайын ескі мен жаңаның, тоқырау мен дамудың арасынан таңдау жасаймыз.

Баршаңызды ұлт мүддесі үшін ұйысуға шақырамын.

Бәріміз бірлігімізді бекемдей білсек, ешқашан әділдіктен аттамасақ, берекелі ел боламыз.

Әділетті Қазақстанды құру ісі енді ғана басталды. Алдағы жолдың қиындығы көп. Бұл бағдарымыз ешқашан өзгермейді, ішкі және сыртқы ахуал қандай болса да жалғаса береді. Қол қусырып отыратындар мен қасақана кедергі жасайтындарға орын жоқ.

Біз таңдаған жолымыздан айнымаймыз!

Ендеше, Әділетті Қазақстанды бірге құрайық!

Қасиетті Отанымызды бірге өркендетейік, ағайын!



ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ӘКІМ БОЛ, ХАЛҚЫҢА ЖАҚЫН БОЛ!

Мемлекет басшысы әкімдердің азаматтармен кері байланысты күшейтуі қажет екенін атап өтті

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев облыстардың және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдерімен жиын өткізді.

Кеңесте өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері мен өзекті проблемалары талқыланды. Сонымен қатар, Жолдауда жүктелген міндеттерді жүзеге асыруға ерекше назар аударылды.

Президент Үкімет пен әкімдерге елдің әлеуметтік мәселелерін жедел реттеу және халықтың әл-ауқатын арттыру-



ға бағытталған шаралар қабылдауды тапсырды.

Әкімдіктерге инвестиция тарту, жаңа жұмыс орындарын ашу, кәсіпкерлікті қолдау туралы міндеттер жүктелді.

Мемлекет басшысы өңір басшыларына жылыту маусымына дайындықты күшейтуді және күзгі егін жинау науқанын жоспарға сай сапалы орындауды тапсырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев әкімдердің азаматтармен кері байланысты күшейтуі қажет екенін атап өтті.

Кеңес соңында Президент Қазақстан халқына арналған Жолдауында жүктелген міндеттерді жүзеге асыру аса маңызды екенін ескертті.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҰЛТ САУЛЫҒЫ

120 резидент әкімдік грантының иегері атанды

Биыл Алматы қаласы әкімшілігінің қолдауымен резидентураның 1 курсына 120 адам түсті. Кеше Алматы қаласы әкімінің орынбасары, денсаулық сақтау жөніндегі негізгі кураторы, Резидентураға білім грантын бөлу комиссиясының төрағасы Әсем Нүсіпова грант иегерлерімен арнайы кездесті.

дентурада білім алушылар дәрігер мамандарға сұранысты 80 пайыз қанағаттандырады деген болжам бар.

Қазіргі уақытта 2021 жылы оқуға түскен 108 маман резидентурада оқып жатыр. 2022 жылы 120 резидентті аса тапшы дәрігерлік мамандықтар бойынша оқытуға

«Денсаулық сақтау саласы бәсекеге қабілетті болуы үшін дәрігерлер дайындау жүйесін жетілдірген жөн. Медициналық жоғары оқу орындарының жанынан көпбейінді ауруханалар және клиникалар ашылады. Алдағы үш жылда резидентураға бөлінетін грант саны 70 пайызға көбейеді. Мұның бәрі ұлт денсаулығын сөз жүзінде емес, іс жүзінде жақсартуға септігін тигізеді».

Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ
Қазақстан халқына Жолдауынан.



Жиынға Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Иран Шаметеков, С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің резидентура сұрақтары бойынша дипломынан кейінгі білім беру факультетінің деканы Абылай Баймаханов, Қазақ-Ресей медицина университетінің ғылым және клиникалық жұмыстары жөніндегі проректоры Жайсан Иманбаева және Алматы қаласының 8 ауданының бас дәрігерлері мен клиникалық ауруханаларының басшылары қатысты.

ҚР ДСМ «Өңірлерде медицина кадрларының тапшылығын төмендету бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы» Жол картасын, сондай-ақ «Алматы қаласында медицина кадрларының тапшылығын төмендету бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы» Жол картасын іске асыру мақсатында 2021 жылдан бастап Алматы қаласының әкімдігі талап етілетін клиникалық мамандықтар бойынша дәрігерлерді резидентурада оқытуға қаржы бөліп келеді. Биыл медицина саласындағы тапшы мамандарды даярлауға жергілікті бюджеттен 1 млрд 355 млн теңге бөлінген. Алдағы 3 жылда жергілікті бюджет есебінен рези-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әсем НҮСІПОВА,
Алматы қаласы әкімінің орынбасары, денсаулық сақтау жөніндегі негізгі кураторы:

Жас мамандардан үміт күтеміз

Барша грант иегерлерін Білім күнімен құттықтаймын! Дәрігерлік деген абыройлы мамандықты жалғастырып, үлкен мегаполисте жұмыс істеуге ниетті жас мамандар үшін өте қуаныштымын. Күні кеше Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында мемлекетімізді дамытудың бес негізгі бағытын айқындап берген еді. Осы бағыттардың ішіндегі үшіншісі – денсаулық сақтау жүйесіне қатысты елдің болашағына стратегиялық инвестиция құю. Еліміздің денсаулық сақтау саласы бәсекеге қабілетті болуы үшін біз білікті мамандарды, дәрігерлерді әзірлеуіміз керек. Алматы – білім мен ғылымның орталығы, қаламызда халықаралық деңгейдегі жоғары білікті профессор, академиктер жетерлік. Жас мамандар осындай мықты мамандардың ізін жалғаса екен деп тілейміз. Бүгінде медицина технологиялық жағынан қарыштап дамып келеді, жаңа емдеу тәсілдері енуде. Бірақ қалай десек те, медицина саласының алтын діңгегі – жақсы маман. Біздің мақсатымыз – қаламыздың медициналық мекемелері үшін тапшы мамандардың әзірленуіне мүмкіндік тудызу. Алматы қаласындағы медициналық жоғары оқу орындары да бүгінгі уақыт талабына жауап беріп, жан-жақты білімді, білікті мамандарды даярлайды деп сенеміз. «Күш – бірлікте» демекші, біріміз бірігіп, Алматыны медицинасы ең дамыған қалаға айналдырайық дегім келеді.

Иә, ақ халатты абзал жан атану оңай емес. Күндіз-түні талмай білім алып, адамның тәні мен жанын емдейтін маман болу үшін біліммен қоса кеңпейілділік, кәсібіне деген сүйіспеншілік, ар алдындағы адалдық, біліктілік деген секілді қасиеттер керек-ақ. С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің резидентура сұрақтары бойынша дипломынан кейінгі білім беру факультетінің деканы Абылай Баймаханов айтып өткендей, мықты дәрігер сағатпен емес, тәулікпен жұмыс істейді. Ерінбеген ғана еңбегінің жемісін көрмек.

жергілікті бюджеттен (2-3 оқу жылының ұзақтығына орай) қаржы бөлінді. Мамандықтар бойынша гранттардың ең көп саны резидентураға анестезиология және реаниматология бойынша 10 орын бөлінді (2021 жылы – 35 орын, 2022 жылы – 10 орын), жұқпалы аурулар (2021 жылы – 15 орын, 2022 жылы – 8 орын), педиатрия (2021 жылы – 6 орын, 2022 жылы – 8 орын), офтальмология бойынша (2021 жылы – 6 орын, 2022 жылы – 11 орын). 2023 жылы қажетті мамандықтар бойынша резидентураға 130 грант және «эпидемиология» мамандығы бойынша магистратурада 10 орын оқыту жоспарланып отыр.

Биыл 24 тамызда резиденттерді даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыру, бөлу және орналастыру жөніндегі конкурстық комиссияның отырысы өткізілді. Бекітілген қағидаға сәйкес конкурстық комиссияның құрамы Алматы қаласы әкімінің өкімімен бекітілген және жергілікті атқарушы органның қызметкерлерінен, азаматтық қоғам өкілдерінен тұрады.

Алматы әкімдігінің білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін медициналық университеттер түсу емтиханы бойынша ең жоғары балл жинаған үміткерлердің тізімін береді. Ағымдағы жылы конкурстка 284 үміткер қатысты. Конкурссыз комиссияның шешімі бойынша Алматы әкімдігінің грантына 120 қатысушы ие болды. Білім беру грантының иегерімен Алматы қаласының медициналық ұйымдарында тиісті мамандық бойынша 5 жыл жұмысты өтеу туралы резиденттің міндеттеме тармағымен үш жақты шарт жасалады.

Грант иегерлерімен кездесу барысында президиум мүшелері жүзден жүйрік шығып, білім грантын жеңіп алған болашақ мамандарды құттықтап, олардың сұрақтарына жауап берді.



● ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

АЛМАТЫ – ГҮЛ ҚАЛАҒА АЙНАЛУЫ КЕРЕК

Еліміздің мәдени, рухани ордасы саналатын Алматы қаласына жыл сайын мыңдаған туристер, қонақтар келеді. Олар ең әуелі қаланың сәніне қарайтыны белгілі. Сондықтан оңтүстік астанамызды гүлдер қаласына айналдыру басты назарда болуы тиіс.



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Бірақ әсем қаланың барлық аумағын гүлмен көмкеру оңай жұмыс емес. Сондықтан болар, қаламыздың кейбір көшелерінен болмаса, барлық жерінен гүл атаулыны көрмейміз. Кейбір жерлерде гүлдер мен ағаштар уақытылы суарылмағаннан кейін солып қалып жатыр. Бұл біздің қаланы гүл баққа, жасыл желекке айналдыру бағытында әлі де үйренеріміз көп екендігін білдіретін секілді. Бұл ретте неге гүл өсірудің ең тиімді әдістерін пайдаланбасқа?! Біздегі бір кемшілік – гүлдердің біржылдық қана түрлерін отырғызамыз. Егер экономикасы дамыған батыс елдерін алатын болсақ, онда қала сәнін келтіру үшін көбіне көпжылдық, бұтақты гүлдерді егеді. Мәселен, фарсити деген гүл бізге онша таныс емес. Ол қаламыздың бір-екі жеріне ғана егілген екен. Зеренгүл деп атап жүрген бөрте гүлдер де жоқтың қасы. Гүл өсірушілердің айтуынша, біржылдық гүл отырғызу үшін кемінде екі ай уақытты кетіруге тура келеді. Оның үстіне бізде қыста гүл өсіретін орындар тапшы. Олай болса, бір рет гүл ашып, ертесіне солып қалатын, үлкен шығындарды қажет ететін гүлдерді отырғызудың қаншалықты пайдасы бар? Ең дұрысы – көпжылдық гүлдерді топтастырып егіп тастап, оған уақытылы күтім жасау. Мұндай гүлдер ерте көктемнен қара күзге дейін кезекпен гүлдеп отырады. Егер осы әдісті қолдансақ, елдің қалтасындағы қаржыны жырмай-ақ, даламызды да, қаламызды да бақ мекенге айналдыруға болар еді.

ҚАЛАДА ГҮЛ БИЗНЕСІ ДАМУЫҒАН БА?

Гүл бизнесі – табысты саланың бірі. Бірақ тұрақты табыстың тәуекелі де көп. Елімізде саудаланатын гүлдердің тек 25 пайызы ғана жергілікті кәсіпкерлерге тиесілі. Мол қаржы әкелетін бұл салаға тәуекел деп баратын саудагерлер саны сау-сақпен санарлықтай ғана. Ал голландиялық атаумен алып жүрген раушан, қызғалдақтардың көбі шындығында, Кения, Колумбия, Эквадор сынды елдерден келеді. Импортқа ғана икемделген еліміздің кәсіпкерлері гүл өсіруді көбейтуге қауқарсыздық танытып отыр.

Былай қарап тұрсақ, гүлге деген сұраныс қоғамда ешқашан азаймайды. Біреуге ізет көрсетсек, құрметтесек, ізгі ниетімізді

білдіру үшін гүл береміз. Өсіресе, қызға сезімді жеткізудің бір тәсілі гүл сыйлау екені белгілі. Тіпті, ресми кездесулердің өзінде қонақтарды гүлмен қарсы алып жатамыз. Сондықтан гүлсіз өмірді елестету мүмкін емес. Айналасың ажарын ашатын, әрине, гүлдер. Бірақ елімізде осы гүл шаруашылығына көптен көңіл бөлінбейтіні өкінішті. Мәселен, Қытайда 25 мыңнан астам гүл өсірумен айналысатын шаруашылықтар бар екен. Бұл бизнес түрінің көрігі қыздырып жүрген кәсіпкерлердің саны 1,5 миллионнан да асып жығылатын көрінеді. Ал одан түскен пайданың қазына қаржысын қомақтыландырып жатқаны сөзсіз. Бізге әзірге тау басып, теңіз асып келген гүлдерді көз қуаныш етуге тура келетін түрі бар. Өйткені, бұл саланың тамырына су жүгіртіп, бойына жан бітіру үшін әлі де талай жыл қажет сияқты.

САТЫЛАТЫН ГҮЛДЕРДІҢ 25 ПАЙЫЗЫ ҒАНА ӨЗІМІЗДЕ ӨСІРЕЛЕДІ

Негізгі әйелдер мерекесі алдында кәсіпкерлер Голландияға тіпті, желтоксан болмай тұрып тапсырыс беріп, теңгелерін төлеп қояды. Қазақ жеріне Эквадор, Нидерланд, Колумбия, Бельгиядан өзге, соңғы кездері іргедегі Қытайдан да гүлдер қаптайтын болған. Бірақ бұл мемлекеттерден келетін импорттық тауарлар Голландия аукционы арқылы айналымға түседі. Сатушы раушан мен қызғалдақтарды голландиялық дейді, оған алушы да сенеді.

«Голландиядан келеді дейді. Бірақ оның өсіретін жерлері Эквадор, Колумбия. Голландияда порт көп. Сол порттың арқасында бізге алып келеді. Екіншіден, импортпен айналыспай, біреуге пайда түсіре бермей, отандық дикандарға көмек көрсетейік», – дейді гүл саласымен айналысатын кәсіпкер Бакыт Жақыпов.

Қазақстанда сатылатын гүлдердің тек 25 пайызы ғана өз жерімізде өсіріледі екен. Қалғанын импорт гүлдер құрайды. Елімізде төрт-бес гүл өсіретін ірі жылыжайлар бар. Оның екеуі – Алматы облысында, ал қалғандары – Жамбыл мен Түркістан облыстарына тиесілі. Гүл өсіретін жылыжай бір-екеуі көшет өндіретін, енді бірі сатылатын гүлдер өсіреді. Нұр-Сұлтан, Алматы сынды ірі қалалардың ажарын ашып, жайнатып тұрған гүлдердің көшеттерінің дені Жамбыл мен Түркістаннан жеткізіледі.



АЛМАТЫДА МЫҢНАН АСТАМ ГҮЛ САЛОНЫ БАР

Дегенмен, бізде өнім көлемін көбейте отырып, одан түскен табысты жаңа технологияларға жұмсап, тауардың өзіндік құнын азайтуға болады. Негізінде жылыжай бизнесі Қазақстанның оңтүстік өңірінде жақсы дамыған. Оның үстіне, осы салада табыс тауып жүрген бизнес өкілдері солтүстік өңірлерде жылыжай салып, коммуналдық төлемдерге шығындалғаннан гөрі ол жақтарға оңтүстіктен тасымалдаған тиімді деп есептейді.

Бүгінде елімізде мерекелік шаралар, атаулы датаға байланысты түрлі банкеттер, тойлар жиі өтуде. Сондықтан гүлді алатын клиенттер әрдайым табылады.

Гүл өсіру сырттай қарағанға қарапайым кәсіп болып көрінгенімен, біраз тәуекелге баратын бизнес. Қазақстанда одан нақты қанша табыс түсетіндігі жайлы ресми дерек жоқ. Елімізге жыл сайын шамамен 155 млн доллар шамасында гүл импортталады екен. Қазақстанда саудаланатын гүлдің негізгі тұтынушылары Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларының тұрғындары саналады. Жалпы сатылымның 70–80 пайызы осы екі қалаға тиесілі. Мәселен, бір Алматының өзінде мыңнан астам гүл салоны бар. Бұл есепке базарлар мен жеке сауда орындары кірмейді. Яғни Жамбыл мен Түркістанның бағбандары үшін өнімін өткізетін жер әрдайым табылады деген сөз.

● СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Бакыт ЖАҚЫПОВ,
кәсіпкер:

ОТАНДЫҚ ГҮЛ ӨСІРУШІЛЕРГЕ ҚОЛДАУ КЕРЕК

Еліміздің гүл нарығындағы үлесінің аз болуына көптеген себептер әсер етіп отыр. Мысалы, гүл саудалау бизнесінде тәуекел ететін мәселелер көп. Көп нәрсе тасымалдаумен немесе сатып алушылардың әлеуетіне байланысты. Нарықтағы жаңа ойыншылар үшін үлкен тұрақты клиенттердің болмауы және нарықта жұмыс істеудің алғашқы айларында сатып алынатын, өтпей қалған тауарлар басты проблема. Өтпей қалған гүлді сақтауға мүмкіндік аз. 8 наурыз күні әр данасы 2-3 мың теңгеден сатылған гүлдің бағасы 9-10 наурыз күндері 500 теңгеге түсуі әбден мүмкін. Демек, алғашқы екі күнде пайдаға жұмыс істеген кәсіпкер үшінші күні шығынды жаба алса, соған да риза болады. Мұны түсінікті тілмен айтқанда екі қадам алға, бір қадам кейін шегіну деуге болады. Сондықтан елімізде сатылып жатқан гүлдерден түскен пайда өзгенің қамбасына құйылып жатыр. Бірақ бізде гүлге деген сұраныс жыл сайын артып келеді. Бұл дегеніңіз – осы салада кеңістік жартылай бос тұр деген сөз. Бос кеңістікте пайда мол түсетіні де белгілі. Алайда, отандық кәсіпкерлерге тәуекел жетіспейді. Оның үстіне, мемлекет те осы салаға көңіл аудармай отыр. Егер отандық гүл өсірушілерге жеткілікті дәрежеде қолдау көрсетілсе, онда бұл сала гүлдене түсер еді.

БАЛАЛАР ГҮЛДІҢ ҚАСИЕТІН БІЛУІ ТИІС

Алып шаһардың айналасын гүлмен көмкеру үшін ең бірінші, оны қорғауға ерекше ден қою керек. Бізде әлемнің басқа елдерінде сирек кездесетін, Қазақстанның табиғатына тән гүлдер бар. Мәселен, Жоңғар Алатауында жаз мезгілінде шұғанақ деген гүл жайнап жатады. Оны әсіресе, соңғы қоңырау кезінде оқушылар жұлғанға құмар. Қазір олар жұлына бергеннің салдарынан тек таудың биік шыңдарында ғана өсетін болды. Егер бұл жалғаса берсе, аз жылдың ішінде бұл гүлді көрудің өзіне зар болатынымыз шындық. Сондықтан бұған жол бермес үшін оқушыларға гүлдің қасиеті, артықшылығы туралы арнайы сабақтар өткізу қажет. Егер баланың санасына кішкентай күнінен гүл туралы жақсы ұғымды сіңіре берсе, ол кейін саналы түрде гүлдерді қорғайтын болады. Бір өкінерлігі, бізде балаларға оны үйрететін мұғалімдер тапшы. Тіпті, оқушыларға гүлдер жайлы мағлұмат беретін арнаулы оқулықтар, шағын кітапшалар жоқ. Ол да біз үшін құстың сүтіндей қат дүниеге айналып отыр. Дүкен сөрелері тек орыс тілінде жазылған кітаптарға толып тұр. Ал қазақ тіліндегі оқулықтар жоқтың қасы...

Алматы – жасыл желекке бай өлке. Қаланың тек орталығы ғана емес, барлық жері гүлге оранса қандай тамаша болар еді? Қаланың саябақтары жасыл желекпен көмкеріліп, қызылды-жасылды алуан өсімдік шаһардың ажарын аша түсетіні сөзсіз. Жайнап тұрған гүлдер адам жанын жадыратып, жүректерге жылылық сыйлайды.



МӘСЛИХАТ

Маңызды бағыттар айқындалды



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

Досбол
АТАЖАН

Алматы қалалық мәслихатында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас Ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауын талқылауға байланысты алқалы жиын өтті.

Президент Жолдауы Қазақстанды одан әрі дамытуға, оның ішінде әлеуметтік-экономикалық салаларды нығайтуға, халықтың әл-ауқатын арттыруға және саяси трансформацияны іске асыруға бағытталған.

Жиында мәслихат хатшысы Станислав Канкуров, партия фракциялары мен тұрақты комиссиялардың жетекшілері және депутаттар Кенжехан Матыжанов, Әсия Ақанова, Нұрсұлтан Шоқанов, Махамбет Хасенов, Федор Константинов, Серік Есмаев, Арайлым Шамова сөз сөйледі.

Өз Жолдауында Президент маңызды әлеуметтік-қоғамдық және экономикалық мәселелерді көтерді, мемлекеттік аппаратқа бірқатар тапсырмалар берді, ШОБ-ты қолдау бойынша тиімді шараларды қолға алуды және тағы басқа мәселелерді ұсынды. Құрылымдық қайта құрулар саяси жаңғырудың жалғасы болуға тиіс.

Қоғамдық игіліктердің жоғары деңгейіне және халықтың әлеуметтік осал санаттарын, оның ішінде ерекше қажеттіліктері бар азаматтарды қолдауға кепілдік беріледі.

«Әрбір отбасы елдің ұлттық байлығын пайдаланудан нақты қайтарым алуға тиіс. Сондықтан мен жариялаған Балалар жылы аясында «Ұлттық қор – балаларға» атты түбегейлі жаңа бағдарламаны бастау өте маңызды деп санаймын», – деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50%-ын 18 жасқа толғанға дейін балалардың арнайы жинақтаушы шоттарына мерзімінен бұрын алу құқығынсыз аудару ұсынылды.

«Президент ел экономикасын жетілдіруге, инфрақұрылымды дамытуға, шағын және орта бизнесті қолдауды нығайтуға, ауыл шаруашылығы секторының қарқынды өсуіне басымдық берді. Осымен бірге Салық кодексінің және өзге де бірқатар мемлекеттік реттеу механизмдерін түбегейлі түрде қайта құруға

назар аударды», – деді мәслихат хатшысы Станислав Канкуров.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев ел дамуының жаңа кезеңіне аяқ басқан шағында халыққа өз Жолдауын жасады. Аталған Жолдауда еліміздің әрі қарай дамуы үшін бірқатар маңызды бағыттар айқындалып, нақты тапсырмалар берілді. Халық үніне құлақ асатын мемлекет екендігін тағы да дәлелдеп, тұрғындар көтерген әлеуметтік маңызды салаларға да тың серпін беретін жобаларды ұсынды», – деді депутат Серік Есмаев.

«Президент Жолдауының ерекшелігі – жылдағыдан ауқымы кең, мазмұнды болды. Білім саласына аса назар аударып, «Тәрбие – тал бесіктен басталады» деп бастады. Біріншіден, балабақша тәрбиешілерінің жалақысын көтеру керек. Сондай-ақ, мектептерде сапалы білім берудің маңыздылығы айтылды. Президент Жолдауы ел халқының күнделікті өмірінің осындай маңызды аспектілерін қозғағаны қуантады», – деді депутат Арайлым Шамова.

Мемлекет басшысы өз Жолдауында келесі басымдықтарды айтты:

– Мемлекет экономикалық еркіндікті қолдайды. Бірақ халықты нарық тұрақсыздығының ықпалынан барынша қорғайды. Шағын және орта бизнесті мейлінше дамытады;

– «Сән-салтанат салығын» енгізудің орта тапқа қатысы жоқ, бұл салық тек аса қымбат жылжымайтын мүлік және автокөлік сатып алған кезде салынады;

– Ең төменгі жалақы деңгейін 60-тан 70 мың теңгеге дейін көтеру тапсырылды;

– Білім алуға жылдық өсімі 2-3 пайыз болатын жеңілдетілген несиесі де беріледі;

– Студенттер жатақханамен қамтамасыз етілуі тиіс. Мемлекет, жоғары оқу орындары мен құрылыс компаниялары белсенді ынтымақтасуы қажет;

– 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап бала күтімі үшін төлемақы төлеу мерзімі сәби бір жарым жасқа толғанға дейін ұзартылады. Балалардың ең маңызды шағында – сәби кезінде ата-аналары жанында көбірек болады;

– Отбасылық зорлық-зомбылық үшін жазаны қайтатын кез келді. Бірақ қалай десек те, отбасылық зорлық-зомбылыққа көз жұма қарауға болмайды;

– 2022 жылдың күзінде кезектен тыс Президент сайлауын өткізу ұсынылды. Сондай-ақ, президенттік өкілеттіктердің саны мен ұзақтығын қайта қарау, атап айтқанда оны бір мерзімге (7 жылға) шектеу және қайта сайлауға тыйым салу ұсынылды;

– 2023 жылдың бірінші жартысында Мәжіліс пен барлық деңгейлі мәслихаттар сайлауы өтеді.

ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС

Алтынай КӨБЕЕВА,
Алматы қалалық мәслихат депутаты:Еліміздің
болашағы
жарқын болады

1 қыркүйек маңызды оқиғаларға толы болды. Білім күнінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына дәстүрлі Жолдауын жасады.

Бұл Жолдауда ең негізгі деген, қоғамда көп талқыланатын мәселелер қозғалды. Әр қазақстандық азамат өзі үшін маңыздысын түртіп алды. Мені ерекше қуантқаны, еліміздегі әрбір баланың болашағына деген қамқорлық. Мемлекет басшысы 18 жасқа дейінгі әр баланың арнайы есепшотына (кәметел жасқа толғанша алуға болмайтын) Ұлттық қордың инвестициялық кірісінен 50 пайыз аударып тұруға ұсыныс айтты.

Президент өз сөзінде: «Қазақстандық әр отбасы еліміздің ұлттық байлығынан өз үлесін алуы керек. Биылғы Балалар жылында «Ұлттық қор – балаларға» деген жаңа бағдарлама

бастау алуы тиіс», – деді. Бұл жоба Мемлекет басшысының тапсырмасымен 2024 жылдың қаңтарынан бастап жүзеге асырылатын болды.

Қоғамда жиі талқыланатын өзекті мәселенің бірі – әйелдердің зейнет жасы. Осыған қатысты да Президент өзінің саяси шешімін айтты. Енді 2028 жылға дейін әйелдер 61 жасында зейнетке шығатын болды. Сондай-ақ, Президент «утильсбордың» құнын 200–250 мың теңгеден асырмауға тапсырма берді. Жолдауда отбасылық зорлық-зомбылық жасағандарға қылмыстық жазаны қатаңдату қажеттігі айтылды.

Меніңше, биылғы Жолдаудан әр азамат өзін қызықтырған сұраққа жауап алды ғой деп ойлаймын. Еліміздің болашағы жарқын болсын!

Досалы САЛҚЫНБЕК,
тарих ғылымының кандидаты, профессор:

Болашаққа
маңызды қадам

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына кезекті Жолдауын жариялады. Кемелді, көкейтесті мәселелер көтеріліп, жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын бағдарлар нақтыланды. Президент белгілеп берген маңызды межелерге қол жеткізу – Қазақстанның қазіргіден де биік асуларды бағындырып, қуатты мемлекетке айналуына зор мүмкіндік ашпақ. Еліміздің бүгінгі таңдағы жетістіктері аз емес. Тәуелсіз Қазақ Елін төрткүл дүние танып, мойындады. Ендігі жерде қажырлы еңбегіміз – Отанымызды әлемдік ауқымдағы өрісі кең, халықаралық аренада лайықты беделге ие, өркендеген елге айналдыруға бағытталуы тиіс.

Жолдаудағы ірі басымдықтардың бірі – Жаңа Қазақстанның басты бес бағыты: жаңа экономикалық саясат, экономиканың нақты секторын дамыту, ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция, мемлекеттік

басқару ісін қайта жаңғырту, заң мен тәртіпке ерекше басымдық беру. Бұл басымдықтар – Жаңа Қазақстанның бес тұғыры. Жолдауда әлеуметтік және экономикалық саясаттың арасындағы тепе-теңдік сақталған. Мысалы, жеке бастамалар ынталандырылады, «балық берме, қармақ бер» принципі ескеріледі. Жастар кәсіпкерлігін дамыту үшін жеңілдетілген кредит беріледі.

Жалпы, Президент аманаттанған тапсырмалардың салмағы жоғары. «Ұлы істер қиын кезде туындайды» дегендей, солардың ішінде елімізге кіретін су көздерінің азаюы, судың 40%-ның жерге сіңіп кетуі мемлекет үшін ең өзекті мәселелердің біріне айналып отыр деп ойлаймын.

Президент Әділетті Қазақстанды бірге құруға, қасиетті Отанымызды бірге өркендетуге шақырды. «Ұйымдаса білген – ұтады» дейді халық даналығы. Жаңа Қазақстан – ұлтымыздың жарқын болашағы жолындағы маңызды қадам болмақ.



ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ

ЖАҢА САЯСИ БАСТАМАЛАР

- Мемлекеттік институттарды кешенді түрде қайта жаңғырту.
- Алдағы сайлау науқандарының кестесін барша халыққа жариялау.
- Кезектен тыс Президент сайлауы – ағымдағы жылдың күзінде.
- Мәжілістің және барлық деңгейдегі мәслихаттардың кезектен тыс сайлауын келесі жылдың бірінші жартысында.
- Президент сайлаудан кейін Президент мандатының ұзақтығын 7 жылдық бір мерзіммен шектейтін және қайта сайлануға тыйым салынатын жаңа норманы Парламенттің қарауына енгізуді ұсынды.
- Болашақта Үкімет құрамына сайлаушылардың басым көпшілігінің дауысын алған саяси күштердің ғана емес, Парламенттегі басқа да партиялардың өкілдері кіруі мүмкін.



Ерлан СТАМБЕКОВ,
кәсіпкер, қоғам қайраткері:

Жаңалық та, жаңашылдық та көп

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған «Әділетті мемлекет. Біртұтас Ұлт. Берекелі қоғам» атты кезекті Жолдауын жариялады. Тыңдадық.

Бұл жолғы Жолдауда халқымыздың бақуатты өмір сүруіне бағытталған жаңалық көп. Мемлекет басшысы әлеуметтік-қоғамдық және экономикалық мәселелерге ерекше тоқталып, мемлекеттік аппаратқа бірқатар тапсырмалар берді. Экономикадағы еркіндікті қолдай отырып, халықты нарық тұрақсыздығының ықпалынан қорғау, шағын және орта бизнесті мейлінше дамытуды көздейтін бірқатар мәселелерге басымдық берілетіні айтылды.

Нақтырақ айтқанда, төменгі жа-лақының кезең-кезеңімен көтерілуі, білім алуға жылдық өсімі 2-3% бола-тын жеңілдетілген несие беру, сту-

денттерді жатақханамен қамтамасыз ету, бала күтімі үшін төлемақы төлеу мерзімінің ұзартылуы, әйел-аналардың зейнет жасының төмендеуі секілді әлеуметтік мәселелерге мән берілуде. Ал Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50%-ын балалардың арнаулы жинақ-таушы есепшотына аударуды ұсынуы өте орынды шешім болды. Бұл де-геніңіз, болашаққа деген инвестиция. Президент Жолдауының соңында биыл күзде кезектен тыс Президент сайлауы өтетінін айтты.

Жаңа Қазақстанның дамыған мемлекеттермен терезесі тең болуы үшін бірінші кезекте қазақстандық-тардың әл-ауқатының өсуі қажет. Сол тұрғыдан қарағанда, биылғы Жол-дауда ел дамуына үлес қосатын елеулі жаңалық та, жаңашылдық та көп.



Нұрсұлтан ИЗБАҒАМБЕТОВ,
Алматы қаласы онкологиялық орталығының
директоры:

Халық денсаулығы – ұлт байлығы

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында еліміздің әлеу-меттік дамуына, ел тұрғындарының табысы мен жұмыс орындарын кө-бейтуге, халқымыздың денсаулығын жақсарту жолындағы жұмыстарға баса назар аудару керектігін қадап айтты.

«Бірінші байлық – денсаулық» демекші, Мемлекет басшысы халық-тың денсаулығын нығайтуға ерекше мән беріп отыр. Өйткені, өміріміздің сапасы мен ұзақтығына әрине, деніміздің саулығы үлкен әсер етеді. Осы ретте алдағы екі жылда ауылдық жерлерде медициналық және фельд-шерлік-акушерлік бөлімшелер салы-нып, қажетті құрал-жабдықпен толық қамтамасыз етіледі. Осылайша мем-лекет бір миллионнан астам адамның алғашқы медициналық-санитарлық көмек алуына мүмкіндік жасайды.

Сондай-ақ, медициналық жоғары оқу орындарының жанынан көп-бейінді ауруханалар және клиника-лар ашылады. Онымен қоса, алдағы үш жылда резидентураға бөлінетін грант саны 70 пайызға көбейеді. Енді аудандық ауруханалар да заманға сай жаңарып, ауданаралық көпбейінді мекемеге айналады. Онда инсульттен

емдеу орталықтары, хирургия, жан-сақтау және оналту бөлімдері ашыла-ды. Мұның барлығы халықтың ден-саулығын жақсарту мәселесін шешуге тікелей әсер етеді.

Ел Президенті ең бастысы қара-пайым халықтың әлеуметтік жағда-йын жақсарту үшін нақты шаралар-ды қолға алып жатыр. Жаңа туылған нәрестелер жәрдемақысы бір жарым жасқа дейін берілетін болды. Бұл декреттік демалыстағы аналар үшін үлкен қолдау болары анық.

Жалпы, Президенттің ел даму үшін жасалатын қадамдарды қадап тұрып айтуы жұртшылықтың көңілі-нен шықты. Бір сөзбен айтқанда, Жолдау өзіндік нақтылығымен, ұғы-нықтылығымен ерекшеленді. Осы-ған дейін қабылданған маңызды мемлекеттік бағдарламалар мен сая-си құжаттардың жалғасы болып та-былатын бұл жолғы Жолдау денсау-лық сақтау саласы қызметкерлерінің көңілінен шықты.

Жолдау болашағымыздың іргесін нықтауға міндеттейді. Ендеше, қуат-ты Қазақстанды бірге құрып, елдің әл-ауқатын жақсарту жолында жемісті жұмыс істеп, ерінбей еңбек-тенуіміз керек.

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Еліміздің өсіп-өркендеуі – негізгі ұстаным



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Философия, саясаттану және дінтану институтының Саяси зерттеулер орталығы Алматы қаласы әкімдігінің Қоғамдық даму басқармасымен және «Ашық әлем» талдау және болжамдау орталығы Қоғамдық қорымен (Нұр-Сұлтан қ.) бірлесіп, «Қазақстан Президентінің 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауы «Жаңа Қазақстанның» тұжырымдамасы аясында» тақырыбында «дөңгелек үстел» өткізді.

Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы Жолдауы дәстүрлі түрде елдің таяудағы перспективасына арналған саяси, экономикалық және әлеуметтік даму басымдықтарын белгілейді. Әлемдік тәртіптегі жаһандық өзгерістер аясында Қазақстанның тұрақты дамуы тәуекелдер мен қатерлердің алдында тұр. Жасырын және ашық сыртқы және ішкі қауіптердің көрінісі дереу әрі нақты әрекет жасауды қажет етеді. Осыған байланысты Мемлекет басшысының Жолдауы саяси, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық ерекше мәнге ие.

Президенттің Қазақстан халқына Жолдауын талқылау барысында «дөңгелек үстелге» қатысушылар – сарапшылар мен ғалымдар Жолдауда аталған мәселелер туралы өз пікірлерімен бөлісті және «Жаңа Қазақстанды» тұжырымдау бойынша өз ұсыныстарын айтты.

Сонымен қатар, жиында Жолдаудың болашақ Қазақстанның даму стратегиясына тигізер пайдасы мен әсері туралы ойлар қозғалды. Бұл туралы

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Айбар Теменов айтып берді.

– Мемлекет басшысының Жолдауда көтерген бастамалары өте маңызды саналады. Мұны еліміздің алдағы перспективалық дамуына арналған деп айта аламыз. Өздеріңізге мәлім болғандай, кезекті Жолдау саяси және экономикалық мәселелерді қамтыды. Сонымен бірге, ол әлемдегі сын-қатерлердің алдын алып, өзекті дүние-лердің шешілуіне атсалысары сөзсіз. Әділетті қоғам құру жолында билік пен халықты жақындастыру, арақатынасын нығайту басты назарда ұсталды, – деді ол.

Қазақстанда саяси өзгерістер орын алып, елдің әл-ауқатына байланысты істердің тың бағыттары көтерілуде. Осыған орай қоғамдағы ай-тары бар азаматтардың ой-пікірі маңызды сана-лады. Осы тараптан алғанда гуманитарлық сала мамандарының пайымдары мен ойлары ауадай қажет екені айқын.

– Қазақстан жаңа бағыттарға қадам басуда. Кеіе ғана Жолдауда бірқатар саяси өзгеріс-тер болатыны айтылды. Дәл қазір еліміздің өсіп-өркендеуі негізгі ұстаным болып тұр. Осы жолда игі өзгерістер мен бастамалардың жүзе-ге асқандығын қалаймыз. Тек қана қолдау білдіре бермей, осындай алмағайып шақта дамудың даңғыл жолын қарастырған жөн. Ал осындай айтулы істерді жасауда ғалымдардың пікірі аса маңызды саналады. Қазақ мемлекеті болашағы-ның зор болуына әрбір азамат үн қосқаны абзал. Бұйырса, туризм, экономика, саясат және басқа да барлық салада жақсылықтар орнайтынына сенеміз, – деді философия ғылымының кандида-ты Айдар Әміребаев.

Жиын барысында алдағы уақытта да осындай шаралар жалғасатындығы айтылды. Сонымен бірге, ашық пікір алаңына қатысушыларға, тұ-шымды сараптамалық ой-пікірлерін айтатындар-ға қашанда есік ашық екендігі айтылды.

ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ

Зейнетақы жүйесін де қайта жаңғырту.
Өйелдердің зейнет жасын 2028 жылға дейін 61 жас деңгейінде бекітіледі.

«Ұлттық қор – балаларға» жаңа бағдарламасы

- Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызы әр балаға 18 жасқа толғанға дейін арнаулы жинақтаушы есепшотына аударылып тұрады. Бірақ мерзімінен бұрын шығарып алуға болмайды.
- Жинақталған қаржы балалар көмектесу жасына толғаннан кейін олардың баспана немесе білім алуына жұмсалатын болады.
- Жоба 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап іске қосылады.

Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін өзгерту.

- 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап бала күтімі үшін төлемақы төлеу мерзімін екі бір жарым жасқа толғанға дейін ұзартылады.
- Жастар кәсіпкерлігі үшін жеңілдетілген тәртіппен жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несие.
- «Самұрық-Қазына» қоры таза пайдасының кемінде 7 пайызын «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына жыл сайын аудару.
- Тиімді көші-қон саясаты.

ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ

**РЕФОРМАНЫҢ
НАҚТЫ БАҒДАРЛАРЫ**

БІРІНШІ ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ

ЕКІНШІ НАҚТЫ СЕКТОРДЫ ДАМУ

ҮШІНШІ ЕЛ БОЛАШАҒЫНА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯ

ТӨРТІНШІ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ІСІН ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУ

БЕСІНШІ ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП



ТАҒЫМ

Адамзат тарихында небір зұлмат соғыстар болды. Солардың ішіндегі зардабы ең көбі де, көлемі ең ірісі де – 1939–1945 жылдардағы Екінші дүниежүзілік соғыс. Бұл соғыс 1939 жылғы 1 қыркүйектен 1945 жылғы 2 қыркүйекке дейін созылды. Әлем халқының 80 пайызға жуығы (шамамен 1 млрд 700 млн кісі) сұрапыл соғыстың зардабын тартты.

ЕРЛІК ҰМЫТЫЛМАЙДЫ!

Айнұр
СЕНБАЕВА

Әлемді жайлаған алапат қантөгіс жайлы талай көркем шығарма жазылды, фильмдер түсірілді, зерттеулер де жарық көрді. Бірақ бұл соғыс әлі де зерттей түсуді талап етеді. Соғыстың аяқталғанына ғасырға жуықтап қалса да, әлі де тарихи бағасы беріліп біткен жоқ. Себебі, уақыт өткен сайын тың көзқарастар мен ғылыми зерттеулердің болатыны заңдылық. Соғыс өрті сол кезде әлемдегі 73 мемлекеттің 62-сін (Еуразия және Африка құрлығы) шарпып өткен. Соғысқа қатысқан әскерилердің саны 110 миллионнан асса, сол соғыста 50 миллионнан аса адамның өмірі құрбан болған. Қанша адам жарақат алып, мүгедек атанды, қаншама ана баласынан, әйелдер жарларынан, балалар ата-анасынан айырылды.

Соғысқа Қазақстаннан 1 миллион 200 мың сарбаз, 12 атқыштар, 4 кавалериялық дивизия, 7 атқыштар бригадасы, 50-ге жуық әртүрлі полк пен батальон тартылды. Соғысқа қатысқан қазақстандық әскердің тең жартысына жуығы қаза тапқан. 500-ден аса қазақстандық сарбаз Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Тылда еңбектеген баладан еңкейген қарияларға дейін еңбек етті.

Соғыста ерен ерлік көрсеткен Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Рақымжан Қошқарбаев, Қасым Қайсенов, Сағадат Нұрмағамбетов, Нұркен Әбдіров, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Хиуаз Доспанова сынды жауынгер батырларымыздың есімі тарихта алтын әріптермен жазылып қалды. Бүгінгі ұрпақтың тілегі – жүректерді жаралайтын, кінәсіз жандардың қанын төгетін соғыс ешқашан болмасын!

ЖОЛДАУ–2022

Талапкер ӘМІРЕЕВ,
ҚР Ұлттық ұланы «Оңтүстік» өңірлік
қолбасшылығының қолбасшысы,
генерал-майор:

Рақымшылық –
жауапкершілік
жүктейді

Біз – зайырлы мемлекетіміз. Бізде кешірімді, мейірімді жүрек бар. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында қантар оқиғасына қатысушыларға бір реттік рақымшылық жарияланғанын айтты.



Осы ретте өңірлік қолбасшылыққа қарасты әскери бөлім жауынгерлері «қантар қақтығысы» кезінде елімізге төнген қауіпке қарсы тұрып, ел тыныштығын қамтамасыз етуде ерекше көзге түскенін айта кету керек. Біз өзімізге жүктелген міндетті асқан жауапкершілікпен атқардық. Бұл күндері мен қалалардағы көшелерде заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша арнайы міндеттерді орындаған жеке құрамның жанқиярлық ерлігі мен батылдығына куә болдым! Барлық жеке құрам міндетін атқаруға аса үлкен жауапкершілікпен қарады, табандылық пен тұрақтылығын көрсетті, орындарынан бір қадам да шегінбеді және берген анттарына адал болып қалды!

Арнайы операция жүргізілу барысында көптеген әскери қызметшілер жарақат алды, бірақ жараланғандарына қарамастан, сапқа, қаруластарының қатарына қайта тұруға талпынды. Бірде-бір ұландық қорқақтық танытпады, ешқайсысы шегінген жоқ. Біз – тыныштық күзетшілеріміз!

Ләззат СӘЛІМОВА,
№14 бөбекжай-балабақшаның
менгерушісі:

«Жұмыла көтерген
жүк жеңіл»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауын ұжым болып зор ынтамен тыңдадық. Ел Президенті өзінің биылғы Қазақстан

халқына жолдап отырған кезекті Жолдауында да Жаңа, Әділетті Қазақстанды құрудың алғы шарттарын айқындап берді.

Мұндағы бес бағыттың әрбірінде адам тағдыры мен оның болашағы айшықты түрде көрсетілген. Еліміздің экономикасындағы күрделенген мәселелер мен оны шешудің жолдары да нақты көрсетілген. Жолдаудың үшінші бағдары ел болашағына арналған инвестиция тұрғысында болғандықтан, ерекше зейін қойдым. Бұл салада ұлт сапасын жақсартудағы білім жүйесінің атқаратын қызметіне айрықша мән берілген.

Мемлекет басшысының «Ел боламын десем, бесігінді түзе» деген қанатты сөзбен бастап, мектепке дейінгі мекеменің жұмысын басты назарға алуы бізге үлкен міндет жүктеп отыр. Шындығында, қазіргі таңда екі жастан алты жасқа дейінгі бүлдіршіндердің жартысынан астамы ғана балабақшамен қамтылған. Мемлекет басшысы бұл тығырықтан шығу керек екенін қадап айтты. Сонымен қатар, тәрбиешілердің әлеуметтік мәртебесін арттырып, жалақысын көбейту туралы айтқан ұсынысы да біздің қызметкерлер тарапынан қызу қолдау тауып отыр. Мемлекет басшысы тәрбиешілерге қойылатын нақты талаптарды бекітуді тапсырды.

Бұл орайда жүктемесі азайған балабақша тәрбиешілері жұмысының да жүйелі әрі сапалы түрде өрбитіні айтылды. Табысты ұлт болудың басты шарты дені сау, жан-жақты дамыған ұрпақ екенін айқын дәлелдеп берді. Біздің ендігі мәселе осынау Жолдауда көрсетілген басымдықтарды басты бағыт етіп, табысты еңбек ету. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, біздер, мектепке дейінгі мекеме қызметкерлері Жаңа Қазақстанды құру жолында аянбай еңбек етіп, ұлт болашағына сапалы етіп тәрбиелеуге өз үлесімізді қоссақ дейміз.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Басы 1-бетте


Ал кезек күттірмей шешілуі тиіс мәселелердің орындалуы қала әкімінің қадағалауы мен қоғамдық кеңес өкілдері, мәслихат депутаттарының бақылауында болатыны айтпаса да түсінікті.

Мегаполис әкімі Ерболат Досав Алатау ауданы халқымен екінші мәрте кездескенде тұрғындар тарапынан қоғамдық көлік мәселесіне қатысты көп сауалдар қойылған-ды. Міне, бүгін сол кездесуде айтылған өтініштер шетінен орындалып жатыр.

Алматы қалалық Мобильділік басқармасының мәліметінше, 1 қыркүйектен бастап №142 жаңа бағыт іске қосылды. Жаңа №142 қоғамдық көлігі «Энергостроитель» бау-бақша серіктестігінен Ф.Оңғарсынова көшесі бойымен Рысқұлов даңғылы – Момышұлы көшесі – Абай даңғылы – Саин көшесі – Шалайын көшесі – Момышұлы көшесі бойымен жүретін

болады. Кері бағытта Момышұлы көшесімен Рысқұлов даңғылына дейін – Оңғарсынова көшесімен «Энергостроитель» бау-бақша серіктестігіне дейін қатынайды. Бұған дейін мегаполисте №109 қоғамдық көлік іске қосылған болатын. Ол «Теректі» ықшамауданы мен №6 шағынаудан бағыты бойынша жолаушылар тасымалдап, қала халқы үшін қызмет етіп жатқанын айта кеткен жөн.

Ал 3 қыркүйектен, яғни бүгіннен бастап «Айша бибі» ықшамауданы тұрғындарының өтінішімен №215 автобустың бағыты ұзарады. Енді ол Хмельницкий көшесімен өтіп, 23-көше – Көрімдік көшесі – Жаяу Мұса көшесі – Рысқұлов даңғылы – Айша бибі көшесімен жүріп өтіп, кері айналады. Кері бағытта Рысқұлов көшесіне оралып (базардан кейін бұрылады) – Жаяу Мұса көшесі – Көрімдік көшесі – 23-көше, одан әрі схема бойынша қозғалады.



ТӘЖІРИБЕ

КОМПЛАЕНС ҚЫЗМЕТІ
сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған

Алматыда квазимемлекеттік ұйымдарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша кездесу өтті.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Кеңеске Алматы қаласының квазимемлекеттік ұйымдарының басшылары, мемлекеттік органдар мен ірі ұлттық холдингтердің өкілдері қатысты.

Бүгінде Алматы қаласында квазимемлекеттік ұйымдардың ең көп саны орналасқан. 2020 жылдың басынан бері квазимемлекеттік сектордың 420 ұйымында қызметі корпоративтік секторда сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған комплаенс қызметі құрылды.

Іс-шараны аша отырып, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Превенция қызметі басшысының орынбасары Жігер Байділдин корпоративтік сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша нәтижелерге қол жеткізу үшін комплаенс қызметтеріне сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, мүдделер қақтығысын жою және сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды енгізуді қамтамасыз ету қажет екенін атап өтті.

Тәжірибе көрсеткендей, көптеген ұйымдар тек комплаенс құрумен немесе кадрлық және құқықтық қызметтерге міндеттер жүктеумен шектелді, сондықтан бұл жана институттың негізгі мақсаттарына қол жеткізілмеді.



Осы кемшіліктерді жою үшін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің үлгілік ережесін әзірлеуде.

Сонымен қатар, мемлекеттік және квазимемлекеттік қызмет саласындағы істердің адал жүруі және тиімділігі төңірегінде сөз болды. Осы бағытта «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қорының атқарып отырған тәжірибесі сөз болды.

– Біз қор жұмысын әртараптандырып келеміз. 2017 жылы қордың трансформациялық бағдарламасын жүргіздік. Соның арқасында біршама нәтижеге қол жетіп келеді. Яғни ашықтық, әділдік, адалдықты орнату, оны одан әрі жүзеге асыру заман талабы, – деді «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қорының «Комплаенс» басшысы Дәурен Ақшалов.

Сондай-ақ, кадр тапшылығын жою үшін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру шеңберінде комплаенс-мамандарды даярлау бойынша жеке мамандық енгізілуде.

– Комплаенстің тиімді қызметін іске асыру мәселелері біздің ерекше бақылауымызда. Қазіргі уақытта комплаенс қызметтерінің жұмысына және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдаулардың сапасына жеті назар аударылуда, – деп Алматы қаласы әкімі аппаратының басшысы Әсет Нұрпейісов іс-шара барысында атап өтті.

Шара қорытындысында комплаенс институтын сәтті іске асырған бірқатар ірі компаниялардың өкілдері кездесуге қатысушылармен өздерінің оң тәжірибелерімен бөлісті.



ШЕШІМ

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 24 тамыздағы №3/411 қаулысы

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде
2022 жылдың 25 тамызында №29278 тіркелген

Алматы қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы №4/580 «Алматы қаласының аумағында су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы №4/580 «Алматы қаласының аумағында су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы» қаулысына (Алматы қаласы Әділет департаментінде 2020 жылғы 23 желтоқсанда №1672 болып тіркелді) келесі өзгерістер енгізілсін:
көрсетілген қаулының 2-қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2022 жылғы 24 тамыздағы
№3/411 қаулысына қосымша

Алматы қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы №4/580 қаулысына 2-қосымша

Алматы қаласының аумағындағы су қорғау аймақтарын және су объектілерінің белдеулерін шаруашылық пайдалану режимі

1. Алматы қаласының аумағындағы су объектілерінің су қорғау белдеулерін шаруашылық пайдалану режимі.
Су қорғау белдеулерінің шегінде:
1) су объектілерінің сапалық және гидрологиялық жай-күйін нашарлататын (ластану, қоқыстану, сарқылу) шаруашылық қызметіне немесе өзге де қызметке;
2) су шаруашылығы және су жинайтын құрылысжайлар мен олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылысжайларын, айлақтарды, порттарды, пирстерді және су көлігі қызметіне байланысты өзге де көліктік инфрақұрылым, кәсіпшілік балық өсіру, балық шаруашылығы технологиялық су айдындары объектілерін, жаңартылатын энергия көздерін (гидродинамикалық су энергиясын) пайдалану объектілерін, сондай-ақ су объектісіндегі рекреациялық аймақтарды қоспағанда, демалыс және (немесе) сауықтыру мақсатындағы ғимараттар мен құрылысжайларды салмай, ғимараттар мен құрылысжайларды салуға және пайдалануға;

3) бау-бақша егуге және саяжай салуға жер учаскелерін беруге;
4) су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануын болғызбайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген объектілерді пайдалануға;
5) жекелеген учаскелерді шалғындандыруға, егін егуге және ағаш отырғызуға арналған жерлерді өңдеуді қоспағанда, топырақ және өсімдік қабатын бұзатын жұмыстарды жүргізуге (оның ішінде жер жыртуға, мал жаюға, пайдалы қазбаларды өндіруге);
6) шатыр қалашықтарын, көлік құралдары үшін тұрақты тұрақтарды, малдың жазғы жайылым қостарын орналастыруға;
7) пестицидтер мен тыңайтқыштардың барлық түрлерін қолдануға тыйым салынады.
2. Алматы қаласының аумағындағы су объектілерінің су қорғау аймағын шаруашылық пайдаланудың арнайы режимі.
Белгіленген су қорғау аймақтарының шегінде:
1) су объектілерін және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және қайта жағыртылған объектілерді пайдалануға беруге;
2) ғимараттарға, құрылыстарға, коммуникацияларға және басқа да объектілерге қайта жаңғырту жүргізуге, сондай-ақ құрылыс, су түбін терендету және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, пайдалы қазбалар өндіруге, кәбіл, құбыр және басқа да коммуникацияларды төсеуге, белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдармен, бассейндік инспекциялармен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен және басқа да мүдделі органдармен келісілген жобасы жоқ бұрғылау, жер қазу және өзге де жұмыстар жүргізуге;
3) тыңайтқыштар, пестицидтер, мұнай өнімдерін сақтайтын қоймаларды, көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету, оларды жуу пункттерін, механикалық шеберханаларды, тұрмыстық және өнеркәсіп қалдықтарын төгетін құрылғыны, аппаратура-ларды пестицидтермен толтыратын алаңдарды, авиациялық-химиялық жұмыстар жүргізуге арналған ұшу-қону жолақтарын орналастыруға және салуға, сондай-ақ судың сапасына кері әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға;
4) мал шаруашылығы фермалары мен кешендерін, сарқынды су жинағыштарды, сарқынды сумен суарылатын егістіктерді, зираттарды, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), сондай-ақ жерүсті және жерасты суларының микробпен ластану қаупіне себепші болатын басқа да объектілерді орналастыруға;
5) жүктелім нормасынан асырып мал жаюға, су тоғандарының режимін нашарлататын мал тоғыту мен санитариялық өңдеуге және шаруашылық қызметінің басқа да түрлеріне;
6) су көздеріндегі су кемерінен екі мың метрге жетпейтін қашықтықта орналасқан ауыл шаруашылығы дақылдары мен орман екпелерін пестицидтермен әуеден өңдеу және әуе арқылы минералдық тыңайтқыштармен қоректендіру тәсілін қолдануға;
7) концентрациясының жол берілетін шегі белгіленбеген пестицидтерді қолдануға, қардың үстіне тыңайтқыш себуге, сондай-ақ залалсыздандырылмаған көң қосылған сарқынды суды және тұрақты хлорорганикалық пестицидтерді тыңайтқыш ретінде пайдалануға тыйым салынады.
Су қорғау аймағында мәжбүрлі санитариялық өңдеу жүргізу қажет болған жағдайда уыптылығы әлсіз және орташа тұрақсыз пестицидтерді қолдануға жол беріледі.

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, телефон: 261-59-11, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге 3 айға – 1801,50 теңге	15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге 3 айға – 4861,50 теңге	95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге 3 айға – 1321,50 теңге
--	---	--

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

2022 жылға «Almaty aqshamy» газетіне үш айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY»

жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» –

алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті аудан тұрғындары!

2022 жылғы 7 қыркүйекте, сағат 11.00-де Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 130 мекенжайындағы «М.Дулатов атындағы №136 мектеп-гимназия» КММ-де Алмалы ауданының әкімі Е.И.Сейтеновтің халықпен кездесуі өткізіледі. Жиынға қалалық басқарма өкілдері, қалалық мәслихат депутаттары, прокуратура қызметкерлері және қоғамдық кеңес мүшелері қатысады.

Тұрғындарды толғандырған мәселелер бойынша ұсыныстарын жинау әлеуметтік желілер WhatsApp – 8 708 683 02 94, Instagram – akimat_almaly, Facebook – akimat_almaly, Twitter – akimat_almaly, Алмалы ауданы әкімі аппаратының WEB сайты арқылы және 313-31-08, 313-31-12 телефондары арқылы жүргізіледі.

Кездесуден кейін аудан әкімі, қалалық басқарма өкілдері және мәслихат депутаттарының жеке қабылдауы өткізіледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің 2022 жылғы 19 тамыз №90-ОД бұйрығы бойынша «Көктем Шипажайы» акционерлік қоғамы үшін сумен қамтамасыз ету бойынша қызметке 2022 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілетін, қосымша құн салығынсыз 158,34 теңге/м³ көлемінде болатын тариф пен тарифтік смета бекітілді.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!
Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

**«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.**



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

WEB–редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail:
aliya.yesimkhanova@bk.ru

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 18 663**

**Кезекші редактор –
Гүлжанат СЕМБАЕВА**

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VPU00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортындағы
жолаушыларға қолжетімді.**



АЙТЫЛДЫ – ЖАСАЛДЫ



Жаңа мектеп



Досбол
АТАЖАН

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевқа Наурызбай ауданының тұрғындарымен кездесу барысында аудан жұртшылығы білім беру орындарындағы тапшылық мәселесін шешуді өтінген болатын. Осы мақсатта 1 қыркүйекте «Қалқаман-2» шағынауданында 1800 орынды №206 мектеп ашылды.



«№206 мектеп Наурызбай ауданының балаларын қабылдайды. Жаңа білім ордасы 5 мыңға жуық бала оқып жатқан №157 орта мектеп пен №174 мектеп-гимназиясындағы бала санын азайту мақсатында ашылды. Сондай-ақ, ауданымызда салынып жатқан тұрғын үй кешендері өте көп, сол тұрғын үй кешенінің балаларын қабылдау бізге тапсырылған», – деді мектеп директоры Фатима Алиакбарова.

Білім ордасының басшысы өз сөзінде жаңа мектептің артықшылықтары мен ерекшелігі туралы да айтып өтті:

«Мектеп заманауи талаптарға сай салынған. Жоғары сыныптар-

ға, орта және басарнауыш сыныптарға арналған жеке-жеке үш блок бар. Кең спортзалы бар, оған акт залы да кіріктірілген. 75 сыныпта смарта тақталармен жабдықталған. Сонымен қатар, әр мұғалім жеке компьютермен қамтамасыз етілген. 360 адамға арналған асхана бар. Білім беру барысы ашық болуы үшін әр кабинеттің есіктеріне айнек орнатылған. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін мектептің сыртына 34, ал ішіне 74 бейнебақылау камерасы орнатылған», – деп толықтырды мектеп басшысы. Ендігі жерде ықшамаудан балалары жаңа талаптарға сай жасқалған су жаңа мектепте білім алатын болады.

БІЛІМ



Рая
ЕСКЕНДІР

Алматыдағы барлық білім ұяларында Білім күні мерекесі кеңінен аталып өтіп, мектеп ауласын күміс қоңырау үні кернеді.

Бұл күні үш ай бойы алтын ұя мектебі мен ардақты ұстаздарына деген сағынышы алаулаған оқушылардың қуанышы тіпті ерекше болды. Оған қоса, биылғы Балалар жылы аясында өткен жазғы демалыс уақытының өзі оқушылар үшін маңызды іс-шараға толы болғандықтан, олардың сыныптастарымен бөлісер естеліктері де, естен кетпес әдемі сәттері де жеткілікті.

Сонымен, биылғы жылы да ел экономикасының жақсарып, халқымыздың әл-аукағының арта түскеніне куә болып отырмыз. Алғаш рет мектеп табалдырығын аттаған балалар саны биыл да арта түсіп, тек бірінші сыныптың өзіне 31,5 мыңнан астам оқушы барды. Бұл ретте бір кездердегі «А», «Ә», «Б» сыныптарының қатары ұзарып, алфавиттің соңына жетіп қалғандаймыз. Мұндай жағымды жаңалық қала мектептерінің барлығына тән.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Барлық мектептерде бірінші сыныпқа қабылданған бұлдіршіндер саны ерекше арта түскені байқалады. Қаламыздағы 301 мектеп дәл осы Білім күні салтанатты жиында бірінші сынып оқушыларына олардың ең алғашқы

оқулықтары – «Әліппе» мен «Букварьді» тарту етті. Сонымен қатар, биыл алғаш рет қазақ тілінде оқитын бірінші сыныптықтарға орыс тілі пәні жүрмейді. Олар орыс тілін тек екінші сыныптан бастап оқитын болады.

РУХАНИЯТ

OTYRAR SAZY & iFLY КОНЦЕРТІ ӨТЕДІ

Алматылықтар 4 қыркүйек күні Шоқан Уәлиханов атындағы саябақта қазақстандық музыкалық сахнадағы ерекше коллаборациялардың бірі – «Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық оркестрі мен iFly этно-электрондық тобын тыңдай алады. Концерт Алматыда Қала күнін мерекелеу аясында өтеді.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

OTYRAR SAZY & iFly жобасы қазақ халық аспаптарының дыбысталудың, электрондық музыка мен бейне шоуы біріктіретін, оркестр солистері – домбырашы Данияр Байжұманов пен мультиинструменталист Гауһар Жұмағұлованың орындауымен, сондай-ақ скрипкашы Жамиля Серкебаеваның бірнеше композициясымен толықтырылған бірегей бағдарламасын ұсынады. Қала тұрғындары мен қонақтары өздеріне таныс әндерді, сондай-ақ осы концерт үшін арнайы жазылған партитураларды «Желсіз түнде жарық ай» (Абай), «Биылы» (халық әні), «Ақан сері» (Маңмаңгер), «Қамажай» (солист Жәмиля Серкебаева) сияқты шығармаларды тыңдай алады.

«Жобаның міндеті – дәстүрлі композициялардың жаңарған дыбысы арқылы жас қазақстандықтарды халық шығармашылығына, ал шетелдік тыңдаушыларды Қазақстанның шығармашылығы мен мәдени мұрасына тарту», – деп атап өтті Н.Тілендиев атындағы «Отырар сазы» Академиялық фольклорлық-этнографиялық оркестрінің дирижері Дінзұхра Тілендиева.

Іс-шара Алматы қаласының әкімдігі қолдауымен ұйымдастырылды. Концерт Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының алдындағы алаңда Шоқан Уәлиханов атындағы саябақта



өтеді, (Шевченко көшесі, 28, Қонаев көшесінің қиылысы).

Іс-шараға кіру – тегін.

Кесте:

18.00 – DJ AIDAR (Cosmic Picnic).

20.00 – OTYRAR SAZY & iFLY

OTYRAR SAZY & iFLY: дыбыс ерекшеліктері.

«Бағдарлама барынша шынайы дәстүрлі дыбысталудағы шығармалардан, сондай-ақ заманауи, кейде авангардтық ойын тәсілдері мен әуезді қимылдарды қолданатын жоба үшін арнайы жазылған партитуралардан тұрады. Концерт барысында оркестрдің әр аспабында алдыңғы қатарда жеке орындалатын партия пайда болады, бұл көрермендерге бұрын-соңды естімеген тембрлермен жақынырақ танысуға мүмкіндік береді», – деп түсіндірді Алматы қаласының Мәдениет басқармасы.

Естеріңізге сала кетейік, алғаш рет

«Отырар сазы» мен «iFLY» электронды аранжировкалармен толықтырылған қазақ халық әндерінің бағдарламасын ЕХРО–2017 көрмесінде бірлесіп ойнады, онда «Бір бала», «Құсн Қорлан», «Япурай», «Құстар әні» халық композицияларының премьерасы керемет жетістікпен өтті. Қазақстандықтардың жас ұрпағы үшін халық шығармалары заманауи ырғақтармен шырқалды.

2019 жылдың маусым айында Горький атындағы саябақта «Шабыт» жазғы амфитеатрында көрермендерге алғаш рет 1 сағат 20 минутқа жарық және бейне шоумен толық концерттік бағдарлама ұсынылды.

2021 жылғы желтоқсанда ЕХРО DUBAI 2020 бүкіләлемдік көрмесінде OTYRAR SAZY & iFLY жобасы шетелдік көрермендерге қазақ музыкасының сан алуан дыбысын көрсете отырып, бір жарым сағаттық шоуы үлкен жетістікпен ұсынды.